

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования**

**Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру -
қосымша білім беру педагогтерінің
кәсіби құзыреттілігін дамыту шарты**

**Организация деятельности методической службы как
условие развития профессиональной компетентности
педагогов дополнительного образования**

Астана, 2014

Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру - қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту шарты жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (әдістемелік ұсынымдар) - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014., - 178 бет.

Организация деятельности методической службы как условие развития профессиональной компетентности педагогов дополнительного образования (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2014, - 178 стр.

«Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру - қосымша білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту шарты» ұсынымдарында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, сонымен қатар балаларға қосымша білім беру педагогтерінің үздік әдістемелік тәжірибесі көрсетілген.

Ұсынылып отырған материал балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне арналған.

В методических рекомендациях «Организация деятельности методической службы как условие развития профессиональной компетентности педагогов дополнительного образования» представлены рекомендации по организации методической службы, также лучший методический опыт педагогов дополнительного образования детей.

Предлагаемый материал адресован руководителям, методистам, педагогам организаций дополнительного образования детей.

Рекомендовано к печати Учебно-методическим советом Республиканского учебно-методического центра дополнительного образования от 26 сентября 2014 год № 4.

©Республиканский учебно-методический центр
дополнительного образования, 2014

МАЗМҰНЫ

1.	Кіріспе	5
2.	Балаларға қосымша білім беру педагогы жұмысындағы жүйелік тәсілді іске асыру	6
3.	Әдістемелік жұмыс	11
4.	Балаларға қосымша білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі жөніндегі ереже	13
5.	Балаларға қосымша білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі жөніндегі ереже	15
6.	Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы әдістемелік жұмыс – педагогикалық мәдениетті арттырудың негізі	18
7.	Әдістемелік қызметтің міндеттері	20
8.	Әдістемелік қызметтің функциялары	22
9.	Әдістемелік қызметтің жұмысын жоспарлау	26
10.	Оқу-әдістемелік жұмыс құжаттамасы	32
11.	Қосымша білім беру педагогінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту шарты	33
12.	Педагог тұлғасының кәсіби маңызы бар қасиеттері және оларды жетілдірудің жолдары	45
13.	Балаларға қосымша білім беру педагогінің инновациялық қызметі	59
14.	Ереже.	64
	Семей қаласы «Облыстық биологиялық балалар орталығы» МКҚК әдістемелік қызмет жұмысын ұйымдастыру.	64
	Ақмола облысы Зеренді балалар шығармашылық үйінде инновациялық білім беру бағдарламаларын қалыптастыру.	67
	Қарағанды қаласы №2 өнер мектебі - ЮНЕСКО клубы кәсіби құзыреттіліктерді арттырудың түрлері мен белсенді тәсілдері.	75
	Мастер-класс «Құрақ пластика. Нұсқаулық». Ақтөбе қалалық көркемөнер лицейі.	79
15.	Қорытынды	80
16.	Қолданылған әдебиеттер тізімі	81

1. Кіріспе

Егер осы уақытқа дейін қосымша білім негізгі білім берудің қосалқы бөлімі ретінде қарастырылған болса, қазіргі кезде уақыт талабы мен халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, қосымша білім өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісінде өзінің нақты бір функциясын атқаратыны анық. Біз Қазақстандағы қосымша білім берудің маңыздылығын түсінуде жаңа жолдардың алдында тұрмыз. Болашақ өскелең ұрпақ үшін, сәйкесінше болашақ мемлекет үшін балаларға қосымша білім берудің мағынасы қайта қарастырылуда.

Жалпы білім берумен қатар балаларға қосымша білім беру – олардың жеке дамуын, сұраныстарын және қызығушылықтарын ескере отырып, өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, шығармашылық әлеуеттерін дамыту, барынша өзін іске асыру, пәндік, әлеуметтік, кәсіби, тұлғалық өзін-өзі анықтауы үшін әрбір балалаға қосымша білім алуға жағдай жасау - негізгі мақсаты болып табылатын білім беру үдерісін құру.

Балаларға қосымша білім берудің негізгі мазмұны тәжірибелік жұмысқа бағытталған. Бала үйрену кезінде өздік жұмыс атқарады және іздеудің нәтижесінде мәдени ескерткіштермен, еңбек объектілерімен, табиғатпен әрекеттестік жасау арқылы білім алады. Балаларға қосымша білім беруде, қоршаған ортаны танып білуде балаға өзіндік білім алу жағдаяттары жасалынады. Балаларға қосымша білім берудегі оқыту – ерекше шығармашылық үдеріс, себебі баланы өз жолын табуға талаптандырады.

Жасөспірімдердің жеке тұлғалық даму бағыттарын таңдауды іске асыру мүмкіндігі балаларға қосымша білім беруді жеке тұлғалық тәсілдің мәнмәтінінде өзінің қызметін іске асыра алатын, білім беруді өзі бағалайтын қосалқы жүйесінің ерекше типі ретінде сипаттайды. Осылайша балаларға қосымша білім берудің тұтынушылары жағынан: білім алушылардың, ата-аналардың, педагогтердің сұранысы түсіндіріледі.

Балаларға қосымша білім беру – жасөспірімге тану мен шығармашылықта тұрақты қажеттілікті иеленуге мүмкіндік беретін негізгі білімнің шеңберінен шығатын дәлелді білім болып табылады.

Қосымша білім беру педагогінің кәсіби қызметі мақсатты-жүйелі тұрғыда білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің көптеген міндеттерін қоюда және оны шешуде қандай мүмкіндіктер береді?

2. Балаларға қосымша білім беру педагогінің жұмысындағы жүйелік тәсілді іске асыру

Көптеген бақылаулар қосымша білім беру педагогінің кәсіби қызметінің тиімділігін білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде көптеген міндеттерді қоюда және оларды шешуде бала қабілеті алдын ала анықталатынын көрсетеді. Педагогтің өз кәсіби қызметін жүйелі түрде көру, оның болашағын құру қазіргі кездегі кәсібиліктің маңызды көрсеткіші болып табылады. Шын мәнінде мүмкіндігінше өз жұмысыңды, оның өткені мен болашағын, жүйелі-мақсатты қамтамасыз етудегі қосымша білім беру ұйымының әрбір қадамын көру; баланың жеке-тұлғалық даму аспектісіндегі жүзеге асатын бағдарлама материалдарының мазмұнын, берілген балалар шығармашылық бірлестігінің шынайы оқу-тәрбиелеу мүмкіндіктерін, жалпы – балаларға қосымша білім беру ұйымдарының профилін бағалай білу қажет.

Қазіргі заманауи ғылыми-әдістемелік деңгейде жұмыс жасайтын, жүйелік тұрғыны жүзеге асыруға ұмтылатын қосымша білім беру педагогіне мынаны білген маңызды:

мәселелерді жүйелі түрде талдауға үйрену;

элеуметтік-педагогикалық жағдайлардың өзгерістеріне жүйелі түрде әсер беру;

баланың бойындағы болған өзгерістерді жүйелі түрде бағалау;

педагогикалық жүйелердің, жалпы теориялардың көзқарасы ретінде өзінің шығармашылық бірлестігінің және т.б. жұмысыңның болашағын жобалау.

Көптеген бақылаулар мен зерттеулер секілді әртүрлі педагогикалық мәселелерге жүйелі түрде емес, немқұрайлы шешімдер қазіргі таңда өнімді емес, оның болашағы және педагогикалық шешімі жоқ екенін көрсетеді.

Қазіргі таңда жүйелілік педагогке оқу-тәрбиелеудегі қажетті тиімділікті дұрыс жолмен, яғни, педагогикалық тиімділікті көп мөлшерде алу барысында аз материалдық және эмоциялық күш-жігерді қажет ететін жол аксиомалық қағидаға айналды. Бұл қағида тек оның декларациясына шектеу қоймай, өзінің күнделікті оқу-тәрбиелеу жұмысының әртүрлі принципіне айналдырғанда ғана дұрыс айтылған.

Енді қосымша білім беру ұйымдарындағы балалардың шығармашылық бірлестігінің жетекшісі ретінде педагогтің кәсіби қызметін ұйымдастырудағы жүйелілікті қолдану ерекшеліктеріне тоқталып өтелік.

Адам қызметінің қиын түрі әртүрлі талдауларға ұшыраған сайын, оның жүйелілігі нәтижелі болатыны белгілі. Қосымша білім беру педагогінің кәсіби қызметін өзіміздің көзіміз жеткендей адам

қызметінің ең қиын түріне жатқызуға болады, мұнда мемлекеттік білім беру стандарты құрылмаған, оның жалпы оқыту-тәрбиелеу бағдары мен қажетті номативтік құқықтық базасы анықталған.

Педагогикалық нысанның ұйымдастырылған жүйеліліктің негізгі қасиеттері нені ұсынады? Біздің жағдайда – қандай да бір балалар шығармашылығы бірлестігі жетекшісінің кәсіби қызметі жүйелілігін мінездейді.

Біріншіден, кейбір көптеген элементтері анықталған жерде жүйелілік өзін көрсетеді, ол өз бірегейлігін жалпылап біріктіреді; бұл жалпылау оның элементтерін құрайтын басқа мінездемелеріне біріктірілмейді. Осыған байланысты, әртүрлі балалар шығармашылық бірлестігінің жұмысын, әрине, анықталған жүйелі нысанның ерекше нұсқасы ретінде ұсынуға болады, онда бір-бірін байланыстыратын элементтердің көбейтіндісі бар, оларды бір уақытта және бірінен соң бірін қарауды көздейді.

Оқу-тәрбиелеу үдерісін жүйелі ұйымдастыру көбіне қойылған мақсат пен міндеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады. Сонда ғана мақсатты компонент құрылып жатқан педагогикалық жүйенің негізі болады. Әрине, педагогикалық жүйені оның негізіне араластырып құруға да болады, мысалы, сол немесе басқа да бір новаторлық әдістер. Жүйе сонда ғана жүйе болып қала береді, бірақ басқа функциясы бар және шешілетін міндеттер спектрінің басқа жүйесі болады. Дегенмен, күнделікті тәжірибе педагог қызметінің мақсатты оқу-тәрбиелеу жүйесін құрудағы базалық негізін – мақсатты компоненттің маңыздылығын көрсетеді.

Заңдылық – педагог-практиканттарға мақсаты мен міндеттері дұрыс құрылып, қалыптасқан сайын, оның жетістігіне жету үшін қолданылатын әдістері анықталады, қажетті нысандары, әдіс-тәсілдері, рельефтік түрлері салынып, принциптердің жүйелі тұрғыдан құрылуына, оқу жағдайын және тағы басқаны қалыптастырады. Құрылатын педагогикалық жүйенің әрбір компоненті (мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру нысаны, әдіс-тәсілдері, жағдайы мен нәтижесі) өздігінен бөлек. Оларды бөлшектеу, талдауда олардың әрқайсысы педагогтің жалпы жұмыс жүйелілігіне біріктірілмейді. Бұл бір педагогтің кәсіби тәжірибесін жалпы мінездейтін бір шегі, бірақ маңызды шегі, ол қосымша білім беру педагогінің кәсіби қызмет тәжірибесін кешенді жүйелі-мақсатты талдау үшін негізгі базасын құрайды.

Жүйелі-қызмет көрсететін нысан ретінде балалардың шығармашылық бірлестіктерінің жұмысына әрқашан ішкі және сыртқы жұмыс жоспарын белгілеуге болады. Бұл да жүйенің бір белгісі. Балалар шығармашылық бірлестігінің өмір сүрудегі ішкіжүйелілік

жоспары бар деп көз алдымызға елестетіп көрелік. Оны «ішкі үйірме» жұмысының деңгейінде, шығармашылық бірлестік қызметін, кейіпкердің, өзін-өзі ұйымдастыру қызметі түрінде анықтауға болады. Дәл сол уақытта балалар шығармашылығы бірлестігінің қызметі ішкі қызмет ететін жүйенің органикалық бөлігі болып табылады. Балалар шығармашылық бірлестігі – нақты қосымша білім беру ұйымның оқу-тәрбиелеу жалпы қызмет жүйесінің белгіленген құрылымы. Бұл – жалпы педагогикалық жүйе ретінде қосымша білім беру ұйымның қызмет етудегі негізгі бірлік. Мұндай жағдайда ұйымның жұмысын ұйымдастыру жүйесіне әртүрлі жағдайда өту бөлігі болып берілген қосымша білім беру ұйымның ұйымдастыру-басқару бөлімінің әртүрлі қызмет ететін құрылымдық элементі болып табылады.

Жүйелі-ұйымдастырылған педагогикалық нысан иерархиялық белгі болып сипатталады. Осыған байланысты әрбір шығармашылық бірлестік қызметі тағы бір күрделі жүйе болып қаралуы керек, мысалы, қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірме жұмыстарының жүйесі ғана емес, шағын және үлкен аудандардағы, ауылдағы, қаладағы және т.б. қосымша білім беру ұйымының жалпы педагогикалық жүйесі.

Кез-келген педагогикалық жүйенің сақталуы үшін өз жағдайын, сапалы анықтығын сақтай отырып, өздігінен жаңартуды, үздіксіз өзгертуді меңгеру керектігі белгілі. Бұл жүйелі түрде ұйымдастырылған педагогикалық нысанның белгісі, негізінен, қосымша білім беру педагогінің балалар шығармашылық бірлестігінің жетекшісі ретінде өте маңызды. Қосымша білім беру педагогіне балалар шығармашылық бірлестігінің жұмысын үздіксіз дамыту, іске асыру өте маңызды. Өздігінен оның өмір сүру қабілетін үздіксіз қайта қалпына келтіру. Ненің арқасында және қалай – бұл енді педагогтің инновациялық-шығармашылық қызметі, тәжірибелік-зерттеушілік мүмкіндіктері туралы әңгіме. Бұл сұрақты талқылау келесі тарауларда жүзеге асырылатын болады. Мысал ретінде мынаны көрсетуге болады, яғни, тек қана авторлық бағдарламаларды құруға емес, сонымен бірге өз жұмысыңның жүйелі талдауына әсер ету жұмыс технологияларын, яғни, педагогтің балалар шығармашылық бірлестігімен қалыптасқан жұмыс жүйесін дамыту, жүзеге асыру, сапалы түрде қайта жаңғыртуда ғылыми-әдістемелік бағытта нақты қадам жасау. Бұл өз тәжірибеңнің әлсіз және мықты тұстарын терең аналитикалық тұрғыдан көруге, оны жүйелі түрде бағалауға, яғни, болашақта қозғалыс логикасын сызуға мүмкіндік береді.

Айтылғандарды жалпы қорытындылай келе, ұйымдастырылған педагогикалық нысанның ең маңызды құрылымдық элементтерін белгілеп алайық. Мұндай нысанмен кез-келген балалар шығармашылық бірлестігі қосымша білім беру ұйымдарының құрамына кіре алады.

Жүйелі түрде қолданатын сызбанұсқа педагогке өзінің жіберген қателіктерін көруге және оларды жоюда шұғыл шешім табуға, яғни, бар кәсіби тәжірибені жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, кез-келген балалар шығармашылық бірлестігінің сапалы жұмысының жүйелі түрде орындалатын педагогикалық талдау барысында келесі негізгі компоненттерді мақсатты түрде белгілеу ұсынылады:

мақсатты компонент, ол өзіне таңдалынған мақсат пен қалыптасқан міндеттерді қосады;

жүйе ретінде педагогикалық тәжірибені талдауы балалар шығармашылық бірлестігінің қызмет жүйесінің бұл маңызды құрылымдық компоненті;

бұл компоненттің құрамында негізінен жүйе астындағы тәрбиелік және дидактикалық екі өзекті буынды белгілеу маңыздылығы бар;

бұл буындар орналасқан қатары бойынша қойылымның позициялық-тұлғалық негізін, көзқарасын оқу-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру жүйесінің нысаны ретінде педагогтің принципі мен сенімін нақтылау;

оқыту барысында меңгеру үшін білім мазмұнын жоспарлау;

бұл балалар шығармашылық бірлестік қызметінің жүйе компоненті (сондай-ақ, құрылымдықты құрайтын дифференциялық оқыту және тәрбие мазмұны) ең алдымен, қойылған мақсат, міндеттерді педагогке шешу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

педагогикалық принциптер (тәрбие мен оқыту принциптерінің қатынасы), кейбіріне сүйене отырып, педагог балалармен оқыту бағдарламасының мазмұнын меңгеруді, жалпы алғанда алға қойған мақсат, міндеттерге жетуді ұйымдастырады;

өзінің кәсіби қызметінде педагогтің назар салатын жұмысының нақты әдіс-тәсілдері, нысандары;

бұл оқу-тәрбиелеу үдерісінің міндетті компоненттері, ол мақсатты «қызмет көрсетеді», мазмұнды, бір-бірімен тығыз байланысқан принциптерді таңдайды, ол қосымша білім беру педагогінің кәсіби қызметін ресімдеу тәжірибесіндегі жүйелі түрде әдістемелік, көрнекілік әсерін береді;

берілген жағдайдағы оқыту және тәрбие нәтижесі эмпирикалық зерттеулер және ғылыми-психологиялық әдістерді қосатын нақты қойған мақсат пен міндеттерді нақтылайды.

Қазіргі кезде білім беру мәселелерін орынды және шұғыл шешу қажеттілігіне байланысты балаларға қосымша білім беру жұмысының сапасын арттыруды дұрыс ұйымдастыру құралы болып табылатын әдістемелік қызметтің рөлі артуда.

Қазіргі кезде балаларға қосымша білім беру ұйымдарының алдында әдіскерлерді дайындау және олардың біліктіліктерін арттыру, педагогтер қызметін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, білім беру үдерісіне жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогикалық кадрларды аттестаттау кезінде әдістемелік көмек көрсету мәселелері тұр.

Әдістемелік қызмет педагогтердің шығармашылық әлеуеттерін дамытуға, нәтижесінде, білім алушылардың білімділік, тәрбиелік және даму деңгейлеріне бағытталған ғылым мен тәжірибенің жетістіктеріне негізделген шаралар жүйесі ретінде анықталады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру жүйесі қызметінің тиімділігі педагогтердің психологиялық-педагогикалық дайындығы, кәсіби және шығармашылық деңгейлеріне байланысты. Педагогикалық қызметтің заманауи парадигмасына, жаңа педагогикалық ойлау мен жаңа педагогикалық технологияларға негізделген, педагогтердің шығармашылық әлеуеттерін дамытуға, оқу-тәрбиелік үдерісінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағыттау мақсатында қызмет атқаратын әдістемелік қызметке үлкен мән беріледі.

Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы білім беру қызметінің тиімділігі әдістемелік қызметтің кадрлық әлеуетіне байланысты.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында әдістемелік қызмет атқаратын жұмыстарға байланысты – ақпараттық, аналитикалық, болжамалы, жобалық, білім беретін, ұйымдастырушылық-үйлестіруші – әдіскерлерді саралау мақсатты болып табылады.

Заманауи жағдайда әдіскер кәсіби маңызы бар жеке қасиеттерге ие болуы қажет: «ашық ақыл», әлеуметтік құзыреттілік, тәжірибелік мәселелерді шеше алу мүмкіндігі бар.

Заманауи әдіскердің бойында кәсіби жеке қасиеттерден басқа, тәжірибелік және қолданбалы білімнің кең ауқымы болуы қажет.

Тәртіптік тәуелділік бойынша әдіскердің жұмысына қажетті теориялық және қолданбалы білімді келесі білім салаларына бөлуге болады:

жалпы педагогика, диагностика, тәрбиенің теориялары, салыстырмалы педагогика, педагогикалық зерттеудің, эксперименттің әдіснамасы мен әдістемесі;

жалпы, педагогикалық, әлеуметтік психология;

әлеуметтану, әлеуметтану зерттеулерінің әдістемесі;

жалпы және педагогикалық инноватика.

Әдістемелік қызметкерлердің кәсіби қызметтерінің негіздеріне әдістемелік жұмыс мазмұнын базалық элементтермен қамтамасыз етуге бағытталуына ерекше көңіл бөлінеді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының тәжірибелік қызметінде әдістемелік нұсқауларды іске асыру, әдістемелік қызметтің, сонымен қатар жалпы ұйым қызметінің жұмысын жетілдіру үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік жұмыс балаларға қосымша білім беру педагогтерінің, секторлар мен зертханалар, мамандандырылған кабинеттер жетекшілері, бөлім жетекшілері қызметтерінің құрамдас элементі болып табылады.

Әдістемелік қызмет – мазмұндық қызметтің бір түрі ғана емес, сонымен қатар әкімшілік-басқарушылық қызметкерлердің басқарушылық қызметі.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарына «білім беру» мәртебесін беру **әдістемелік қызмет жұмысының мазмұнына** белгілі бір өзгертулерді енгізді, балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірмелік жұмыс бағдарламасынан принциптік айырмашылықтары бар, заманауи авторлық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды жетілдіруге көп көңіл бөлінетін болды.

3. Әдістемелік жұмыс

Балаларға қосымша білім беру ұйымының әдістемелік қызметі – тұлғаға оқу-тәрбиелік әсер етудің әдістері мен заманауи түрлеріне анализ жасау және жалпылау, практикалық қызметке озық тәжірибені енгізу, педагогикалық қызметкерлердің балалармен жұмыс істеу технологиялары мен тиімді әдістерін оқытуды ұйымдастыру мазмұны болып табылатын педагогикалық қызметтің түрі. Ол балаларға қосымша білім беру ұйымы жұмысының нақты нәтижесін зерделеуге негізделген оқу-тәрбие үдерісіне, оның шарттарына, оқытудың, тәрбиенің және тұлғаны дамытудың оңтайлы жетістіктеріне бағытталған.

Әдістемелік жұмысқа тұтастық, көп деңгейлілік, ерекше қызметтердің көптігі лайық.

Әдістемелік жұмыс әдістемелік нұсқауларды, әдістемелік ұсынымдарды, оқу-әдістемелік құралдарды, ережелерді, оқу-әдістемелік құжаттардың басқа түрлерін әзірлеуді, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуді: дәрістің мәтіні мен тезистерін, әңгімелесуді, семинарларды, оқу ойындарын, экскурсияларды, оқытудың белсенді түрлерін және тағы басқаларды ұйымдастыру бойынша жоспарлар мен нұсқауларды қамтиды.

Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы бұдан басқа әдістемелік қызмет – бұл педагог қызметкерлердің ғылыми-теориялық, әдістемелік дайындығын және кәсіби шеберліктерін өздігінен арттыру бойынша жүйелі ұжымдық және жеке жұмыс.

Оның негізінде бірнеше **аспектілер** бар:

- *қызметтік аспект* мотив, мақсат, міндет, мазмұн, түрлер, әдістер, жетістіктер сияқты компоненттерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді;

- *мазмұндық аспект* бір-бірімен байланысқан әдістемелік, ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық дайындық сияқты әдістемелік жұмыстың үш бағытын ұсынады;

- *басқарушылық аспект* педагогикалық анализ, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және реттеу компоненттерін түсіндіреді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыстың мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін арттыруға және жетілдіруге жағдай жасау.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыстың міндеті: балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлерге оқытудың әдістемелік тәсілдері мен принциптерін іске асыруға, балаларды дамыту мен тәрбиелеуге, кәсіби қызметтеріндегі мотивациялары мен ынталандыруларын дамытуға көмек көрсету.

Әдістемелік жұмыстың құрылымы әрбір ұйымда өзіндік әзірленеді. Құрылымның міндетті элементтері: педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер. Шығармашылық проблемалық топтар, уақытша шығармашылық (ғылыми) ұжымдар, көркемдік кеңес және тағы басқалар құрылымға кіруі мүмкін.

Әдістемелік қызметті келесі жұмыс түрлерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру мүмкін: ғылыми-тәжірибелік конференциялар, педагогикалық шығармашылық есептер, семинарлар, озық тәжірибе мектептері, жас маман мектептері, тәжірибелік-эксперименталдық зертханалар және тағы басқалар.

Әдістемелік жұмыстың барлық бағыттары ортақ принциптерге сәйкес іске асырылады:

маңыздылық - педагогтердің ақпаратты пайдалануы, оның өмірмен байланысы, ҚР «Білім туралы» Заңын тәжірибеде іске асыруы, қоғам тапсырысын есепке алуы, педагогикалық ұжымдарға жақын проблемаларды есепке алуы. Баланың сұраныстарына және әлеуметтік маңыздылыққа бағдарлау;

ғылымилық – бұл принцип педагогтердің біліктіліктерін арттырудың барлық жүйелеріне, қызметтің түрлі саласындағы заманауи ғылыми жетістіктерге сәйкес қол жеткізуді көздейді;

жүйелілік – бұл принцип оңтайлық мақсат, міндет, мазмұн, педагогтермен жұмыс жасаудың түрлері мен әдістерінің бірлігіне байланысты болатын әдістемелік жұмысқа біртұтас жүйе ретінде қарауды талап етеді;

кешенді сипат – педагогтің біліктілігін арттырудың (жеке әдістеме, дидактика, тәрбиенің теориясы, психология, физиология, педагогикалық этика және жалпы мәдениеттің дамуы) барлық жақтары мен бағыттарының бірлігі мен өзара байланысу принципі қарастырады;

жеделдік, икемділік, мобильділік – бұл принциптер өзгеріп жатқан шарттар мен талаптарға шұғыл көңіл аударуға бағытталған. Педагогтердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ақпаратын тез қабылдау және оны жеткізу қабілеті;

шығармашылық сипат – қызықты, соны идеяларды табу, оларды өмірде іске асыру қабілеті. Ұйымда шығармашылық еңбектің және өзара әрекеттестіктің атмосферасын құру;

реттілік, сабақтастық, үздіксіздік – әдістемелік жұмыс үздіксіз білім беру жүйесінің бөлшегі ретінде, оқу жылы барысында педагогтерді әдістемелік жұмыстың түрлерімен қамту;

нақтылық, бағыттылық – педагогтердің сұраныстарын, жеке қажеттіліктерін есепке алу. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында өзіндік әдістемелік жүйе құру. Білім беру қызметінде бастысын, маңыздысын, яғни ұйымды, сонымен қатар әрбір педагогті атап көрсету;

теория мен тәжірибенің бірлігі - принципі психологиялық-педагогикалық теорияның және педагогтер қызметі тәжірибесінің бірлігі мен өзара әрекеттестігін қарастырады.

Әдістемелік қызмет жұмысының негізгі элементтерінің бірі **әдістемелік кеңес** жұмысын ұйымдастыру және **педагогикалық кеңес** жұмысына қатысу болып табылады.

4. Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы әдістемелік кеңес қызметін ұйымдастыру жөніндегі ереже

4.1. Жалпы ереже

4.1.1. Әдістемелік жұмысты үйлестіру және оңтайландыру мақсатында құрылған әдістемелік кеңес балаларға қосымша білім беру ұйымының педагог қызметкерлерінің алқалы басқару органы, балаларға қосымша білім беру ұйымының білім беру үдерісін басқарудың құрылымдық бөлігі болып табылады.

4.1.2. Әдістемелік кеңестің жұмысы үнемі жүріп тұрады, оның құрамы балаларға қосымша білім беру ұйымының тәжірибелі

педагогтері мен әдіскерлердің қатарынан сайланады және педагогикалық кеңес бекітеді.

4.1.3. Педагогикалық кеңес әдістемелік кеңестің жұмысын оқу жылындағы қызметінің қорытындысы бойынша есебінің негізінде бағалайды.

4.1.4. Әдістемелік кеңес қызметінің негізгі міндеттері: білім беру үдерісін, бағдарламаларын, бірлестік қызметінің түрлері мен әдістерін, балаларға қосымша білім беру педагогтерінің шеберліктерін жетілдіруге бағытталған балаларға қосымша білім беру ұйымының және оның құрылымдық бөлімдерінің қызметі мен дамуын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

4.1.5. Бұл ереже балаларға қосымша білім беру ұйымының Жарғысы негізінде әзірленген және әдістемелік кеңестің қызметін регламенттейді.

4.2. Қызметті ұйымдастыру

4.2.1. Әдістемелік кеңестің қызметін директордың орынбасары ұйымдастырады, ол білім беру органдарында және балаларға қосымша білім берудің басқа да ұйымдарында кеңесті әкімшілікпен әрекеттесу арқылы ұсынады, жұмыстарды орындаудың мерзімдерін бақылайды.

Әдістемелік кеңес өзінің құрамынан әдістемелік кеңестің ісін жүргізетін хатшыны сайлайды.

4.2.2. Оқу жылында әдістемелік кеңестің отырысы төрт реттен кем емес өткізіледі. Әдістемелік кеңестің отырысы хаттамалар түрінде ресімделеді. Оқу жылының соңында директордың орынбасары әдістемелік кеңестің жұмысын талдайды және жұмыс жоспарын, отырыстардың хаттамаларын және атқарылған жұмыстың есебін сақтау үшін (3 жыл мерзімінде) қабылдайды.

4.2.3. Әдістемелік кеңестің мүшелері құқылы:

- өз көзқарасын қорғауға және қажетті жағдайларда оларды ерекше хаттамалармен ресімдеуге;

- балаларға қосымша білім беру ұйымы педагогтерінің алдын ала келісімі бойынша мамандарды қатыстыру арқылы сауалнамалар, сұрақ-жауаптар жүргізуге, аналитикалық жұмыстың түрлерін қолдануға;

- уақытша педагогикалық зертханаларды және ғылыми-зерттеушілік ұжымдарды құруға.

4.3. Әдістемелік кеңестің негізгі қызметі

4.3.1. Әдістемелік кеңес оқу жылына кеңестің бірегей бағдарламасын әзірлейді, әдістемелік кеңестің мүмкін түрлері мен бағыттарын бағдарлайды және жоспарлайды, әдістемелік қызметтің даму жолдарын болжайды.

4.3.2. Әдістемелік кеңес балаларға қосымша білім берудің маңызды мәселелері бойынша ұжымдық зерттеушілік-өнімділік

қызметін ұйымдастырады. Балаларға қосымша білім беру ұйымының даму жолдарын анықтайды.

4.3.3. Әдістемелік кеңес бағдарламалық қамтамасыз ету, педагогикалық технологиялар дайындау, педагогикалық жобалау және тағы басқа педагогикалық тәжірибелерді жалпылайды және таратады.

4.3.4. Әдістемелік кеңес педагогтердің жұмыстарын талдауға, педагогикалық және кәсіби дайындықтарының деңгейіне негізделген, педагогтердің біліктіліктерін кеңейту және арттыру бойынша ұсынымдар береді.

4.3.5. Әдістемелік кеңес педагогтер әзірлеген білім беру бағдарламаларын талдайды және ішкі рецензиялар береді, қарастыру үшін педагогикалық кеңеске, кейін бекіту үшін директорға ұсынады, әдістемелік нұсқаулықты, сценарийді және ұйым жұмысының тәжірибесінен алынған басқа да материалдарды қарастырады және тарату үшін бекітеді.

4.3.6. Әдістемелік кеңес балаларға қосымша білім беру педагогтерінің дидактикалық және әдістемелік материалдарын талдайды, жүйелендіреді және бекітеді.

4.3.7. Әдістемелік кеңес әдістемелік бірлестіктер мен уақытша шығармашылық топтардың жұмыстарын үйлестіреді.

4.3.8. Әдістемелік кеңес басқа кеңестермен бірлесе отырып, отырыстар өткізеді.

4.4. Қорытынды ережелер

4.4.1. Әдістемелік кеңестің ұсынымдары мен шешімдері оның өкілеттеріне сәйкес әкімшіліктің бұйрықтары мен өкімдеріне негіз болады.

4.4.2. Әдістемелік кеңестің шешімдері мен ұсынымдары тәуелсіз сарапшының қорытындысы негізінде таласқа түсе алады және өзгертіле алады.

4.4.3. Әдістемелік кеңес әрдайым өз қызметінің қорытындылары жөнінде әкімшілікке пен педагогикалық ұжымға хабарлайды.

4.4.4. Басқару құрылымдарын дамыту үдерісінде осы Ереже өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

5. Педагогикалық кеңестің қызметі туралы ереже

5.1. Педагогикалық кеңес қызметінің міндеттері мен мазмұны

5.1.1. Педагогикалық кеңес балаларға қосымша білім беру ұйымында әрдайым қызмет атқаратын басқарушы орган болып табылады және оқу-тәрбие үдерісі мәселелерін қарастыру үшін құрылады.

Педагогикалық кеңес барлық қосымша білім беру ұйымдарында ұжым мүшелерінің саны үш педагогтен асқан жағдайда құрылады.

5.1.2. Педагогикалық кеңес келесі міндеттерді шешеді:

- білім беру мәселелері бойынша (сондай-ақ қосымша білім) мемлекеттік және өңірлік саясатты іске асыру;
- балаларға қосымша білім беру ұйымының педагогикалық ұжымның білім беру қызметін жетілдіруге бағыттау;
- педагогикалық ғылымның және озық педагогикалық тәжірибенің жетістіктерін тәжірибе арқылы енгізу;
- ұйым жарғысына сәйкес келетін білім беру бағыттары мен қызмет түрлерін іске асыру мәселелерін шешу.

5.1.3. Педагогикалық кеңес білім беру қызметінің жоспарын талқылайды және бекітеді; өскелең ұрпаққа білім беру және тәрбиелеу мәселері, сонымен қатар ұйымның санитарлық-гигиеналық тәртібін сақтау хабарламасы, білім алушылардың денсаулықтарын және еңбектерін қорғау және білім беру қызметінің басқа да мәселелері бойынша ұйыммен өзара әрекеттесетін қосымша білім беру ұйымның педагог қызметкерлерінің есептері мен ақпараттарын тыңдайды.

5.1.4. Педагогикалық кеңестің қызметі:

- білім беру қызметінің стратегиясын анықтау;
- үлгілік таңдау және авторлық, үлгіге айналдырылған, бейімделген және басқа да бағдарламаларды талдау, талқылау және оларды бекіту үшін директорға ұсыну;
- білім беру үдерісінде іске асырылатын оқытудың түрлерін, тәсілдерін, әдістері мен технологияларын таңдау;
- педагог қызметкерлердің біліктілік санаттарын арттыру бойынша жұмыстар ұйымдастыру, олардың бастамаларын қолдау және дамыту, үздік педагогикалық тәжірибені тарату;
- тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс жүргізуді ұйымдастыру;
- басқа ұйымдармен өзара әрекеттестіктің бағыттарын анықтау;
- балаларға қосымша білім беру ұйымының жұмыс тәртібін, оқу апталығының ұзақтығын, білім алушылардың жас шамасын, оларды қабылдау, бағалау, білім беру қызметінің түрлерін бекіту;
- педагог қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру курстарына жолдау және санаттарын көтеру туралы ұсынымдар дайындау, сонымен қатар қызметкерлерді мадақтауға және көтермелеуге ұсыну;
- балаларға қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметке байланысты қосымша ақылы білім беру қызметі туралы өкімшілікке ұсыныстар беру.

5.1.5. Педагогикалық кеңес Балаларға қосымша білім беру ұйымының жарғысымен анықталған тәртіпке сәйкес қосымша білім беру ұйымынан білім алушыларды шығару туралы шешім қабылдайды.

5.2. Педагогикалық кеңестің құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру

5.2.1. Педагогикалық кеңестің құрамына балаларға қосымша білім беру ұйымының директоры (ереже бойынша төраға), оның орынбасарлары, педагогтер, әдіскерлер, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері, ата-аналар комитетінің төрағасы және құрылтайшылардың өкілдері (егер олар бар болса) енеді.

5.2.2. Қажетті жағдайда педагогикалық кеңестің отырысына қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ұйымдар, білім беру мәселелері бойынша балаларға қосымша білім беру ұйымының әріптестері, білім алушылардың ата-аналары, заңдық тұлғалардың өкілдері, балаларға қосымша білім беру ұйымын қаржыландырушылар және тағы басқалар шақыртылады. Оларды шақыруды педагогикалық кеңестің төрағасы (егер бұл ереже құрылтайшы мен балаларға қосымша білім беру ұйымы арасында жасалынған шартта келісілген болса) анықтайды. Педагогикалық кеңестің отырысына шақырылған тұлғалар, кеңесші дауыс құқығын қолданады.

5.2.3. Педагогикалық кеңес өзінің құрамынан оқу жылына хатшы сайлайды. Педагогикалық кеңестің хатшысы қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді.

5.2.4. Педагогикалық кеңес жоспар бойынша жұмыс істейді.

5.2.5. Педагогикалық кеңес отырысы ұйымның жұмыс жоспарына сәйкес тоқсанда бір рет шақыртылады.

5.2.6. Педагогикалық кеңестің шешімі отырысқа оның қатысушыларының үштен екі бөлігі қатысқан болса (егер дауыс беру үдерісі арнайы ережемен келісілген болмаса), қабылданады. Тең дауыс беруде педагогикалық кеңес төрағасының дауысы шешуші рөл атқарады.

5.2.7. Педагогикалық кеңестің шешімдерін орындауды ұйымдастыру балаларға қосымша білім беру ұйымының директоры және шешімде көрсетілген жауапты тұлғалар іске асырады. Бұл жұмыстың қорытындылары педагогикалық кеңес мүшелеріне келесі отырыстарда хабарланады.

5.2.8. Балаларға қосымша білім беру ұйымының директоры педагогикалық кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда, шешімді орындауды тоқтатады, бұл туралы ұйымның құрылтайшыларын хабардар етеді, олар өз кезегінде мүдделі тараптардың қатысуымен, үш күндік мерзімде педагогикалық кеңес көпшілігінің дәлелді пікірімен

танысуға және даулы мәселе бойынша соңғы шешімді шығаруға міндетті.

5.3. Педагогикалық кеңестің құжаттамасы

5.3.1. Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен ресімделеді. Хаттамалар кітабында педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер, педагогикалық кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен ескертулері белгіленеді. Төраға және хатшы хаттамаларға қол қояды.

5.3.2. Хаттамалар кітабын нөмірлеу оқу жылының басынан жүргізіледі. Білім алушыларды келесі оқу жылына ауыстыру тізімдік құраммен ресімделеді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің хаттамалар кітабы балаларға қосымша білім беру ұйымында сақталады және акт бойынша тапсырылады.

Педагогикалық кеңестің хаттамалар кітабының әрбір беті нөмірленеді, баулықтап тігіледі, балаларға қосымша білім беру ұйымының мөрімен және директордың қолымен бекітіледі.

6. Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы әдістемелік жұмыс – педагогикалық мәдениетті арттырудың негізі

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында өзіне жақын бөлімдермен функциялық біріктірілетін немесе өзінің ұйымдастырушылық құрылымы бар мамандандырылған бөлімшелер – **әдістемелік қызмет** құрылады.

Балаларға қосымша білім беретін ірі ұйымдардағы әдістемелік қызметтің құрамына әдістемелік кабинеттердің (немесе бір кабинеттің) жетекшілері, әдіскерлері кіреді. Әдістемелік қызмет жұмысын ұйым басшысы орынбасарларының бірі басқарады.

Әдістемелік жұмыс педагогикалық қызметтегі инновациялық бағытты ұйымдастырудың, қосымша білім беру ұйымдарында инновациялық ортаны құрудың қажетті бөлігі болады.

Әдістемелік жұмыс жеке және дара принциптер жағдайында ғылыми-әдістемелік дайындықты жүзеге асыру бойынша педагогтің сұранысын қанағаттандыра алуы маңызды. Дара негізде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру объективті және субъективті сілтемелерге байланысты. Ең алдымен, өмірлік және кәсіби қойылымдарды, құндылықтарды, педагогтің кәсіби деңгейін және тәжірибесін есепке алу қажет. Сондай-ақ педагогтердің ғылыми-әдістемелік даярлығын жүзеге асыру бойынша мотивациялық ерекшелігін, яғни, мотивтерді, бағалауды, өзінің кәсіби тұрғыдан өсуіне деген қарым-қатынасын есепке алу керек. Қосымша білім беру ұйымының озық тәжірибесін,

оның әдістемелік қызметтегі дәстүрін дамыту және оны сақтау маңыздырақ. Мұның бәрі директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары үшін басқару және басшылық ету нысаны болып табылады. Қосымша білім беру ұйымында бұл жұмысқа директордың орынбасары дәстүрлі түрде жетекшілік етеді.

Қосымша білім беру ұйымдарында әдістемелік жұмысты басқарудың міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру негізі тек директордың орынбасарына ғана емес, сондай-ақ педагогтерге де анық және нақты болған жағдайда, бұл жұмыс тиімді болуы мүмкін.

Жалпы алғанда әдістемелік жұмыстың міндеттерін төмендегідей қалыптастыруға болады:

балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогикалық ұжым қызметінде педагогикалық ғылым жетістіктерін меңгеру барысында жұмыстарда пайда болатын инновациялық бағыттарды қалыптастыру, оны жүйелі түрде талқылау, меңгеру және педагогикалық тәжірибені тарату;

педагогтердің теориялық (пәндік) деңгейін және психологиялық-педагогикалық даярлық деңгейін арттыру;

оқу және тәрбиелеудің формалары мен әдістерін, педагогикалық жаңа технологияларын толықтыру;

нұсқаулы-әдістемелік материалдарды, жаңа нормативтік құжаттарды меңгеру бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

дара және топтық диагностикалық негізде педагогтерге (жас педагогтерге, педагогикалық жұмыста кейбір қиындықтарға тап болған педагогтерге; әртүрлі педагогикалық өтілі бар педагогтерге; педагогикалық білімі жоқ және т.б. мамандарға) ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтерге кеңес беру;

кәсіби-педагогикалық мәдениеттің жалпы деңгейін арттыру.

Педагогтің әдістемелік жұмысының мазмұнын педагогтің қызмет мінездемесі ретінде кәсіби-педагогикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі арқылы мақсатты анықтау қажет: жалпы мәдениетті қалыптастырушы методологиялық және зерттеушілік мәдениет; кәсіби-адамгершілік мәдениет және қарым-қатынас мәдениеті; дидактикалық және тәрбиелеу мәдениеті; басқару мәдениеті. Әдістемелік жұмыстың мазмұны кәсіби-педагогикалық мәдениетті қалыптастырудың әрбір бағыты бойынша нақтыланады және ұзақ уақыт бойы меңгеру пәні де болуы мүмкін.

Педагогтердің әдістемелік, инновациялық қызметке қатысуы соңғы нәтижеге, жеке педагогикалық жүйені қалыптастыруға, педагогикалық қызметтің жеке стиліне әсер етеді. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыс педагогтің тұлғалық

қарым-қатынасы бойынша мәселелерді шешуге, оның кәсіби тұрғыдан өсуіне мүмкіндік береді, педагогикалық ұжымның маңызды құндылықтары секілді, сондай-ақ балаларға қосымша білім берудегі жалпы педагогикалық қоғам үшін педагогикалық құндылықтарды бекітуге ықпал етеді.

Балаларға қосымша білім берудің «оқыту» мәртебесін алуы әдістемелік қызметтің мазмұнына кейбір өзгерістерді кірістірді – оқу-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруды, балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірме жұмыстардың бағдарламасынан ерекшеленетін жаңа ұрпақтың авторлық оқу бағдарламаларын құрастыруды жүзеге асыруға көп көңіл бөлінуде.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында тәжірибе жүзінде әдістемелік ұсыныстарды іске асыру әдістемелік қызметті, сондай-ақ ұйымның жалпы мазмұнды қызметін жүзеге асыру үдерісін жылдамдатуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік қызмет педагогикалық және әдістемелік кеңес туралы ережені әзірлеуге тікелей қатысуы қажет, қажетті құжаттардың басқа да түрлерін: есептер мен жоспарлар, лауазымдық нұсқаулықтар және құжаттардың басқа да түрлерін әзірлеуді ұйымдастырады.

Бұл әдістемелік қызметтің тиімділігін және балаларға қосымша білім беру ұйымы қызметінің тұтас нәтижелілігін арттыратын шарттарының бірі болып табылады.

Балаларға қосымша білім берудің әрбір нақты ұйымдарында әдістемелік қызмет тиімді жұмыс істеуі үшін оның негізгі міндеттері мен мазмұндық қызметін құрайтын элементтерін нақты анықтаудың маңызы зор.

Дәл осы жағдай әкімшілік-басқарушы және педагог қызметкерлерге, әдістемелік қызмет мамандарына жүйелі әдістемелік жұмыстың көлемі мен ерекшелігін көрнекі түрде ұсынуға, әдістемелік қызметтің жұмысын жоспарлауға және іске асыруға мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша білім беру ұйымының тәжірибелік қызметін талдау, ғылыми-әдістемелік әдебиетті зерделеу және педагогтердің өздерінің тәжірибелері **әдістемелік қызмет жұмысының негізгі міндеттері мен мазмұнының құраушы элементтерін** анықтауға мүмкіндік береді.

7. Әдістемелік қызметтің негізгі міндеттері

7.1. Басқару объектілері (вертикальды байланыстар) және басқару субъектілерін (горизонтальды байланыстар) анықтау арқылы әдістемелік қызметтің ұйымдастыру құрылымын әзірлеу.

7.2. Оқу-тәрбие үдерісінің логикалық және дидактикалық бірлігін күшейту, оқу-бағдарламалық материалдың қайталануын болдыртпау,

білім алушының білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, заманауи жағдайда оның шығармашылық дамуы мен әлеуметтік бейімделуінің сабақтастығы мен бірізділігін қамтамасыз ету.

7.3. Оқу сабақтарына әдістемелік басшылықты жетілдіру, жоспарлаудың тиімді түрлерін әзірлеу, нәтижелерді бақылау, байқаулардың, викториналардың, бұқаралық шаралардың сценарийлерін құрастыру, балалар бірлестіктері қызметінде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар дайындау.

7.4. Ғылым мен тәжірибенің байланысын нығайту, оқытудың жаңа технологияларын енгізу бойынша тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс ұйымдастыру, ғылыми және әдістемелік орталықтармен, ғылыми-зерттеу институттарымен және жоғары оқу орындарымен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру. Оқыту және тәрбиелеудің жаңа технологияларын енгізу, оларды тиімді қолдану бойынша талдау жасау, ақпараттық деректер қорын құру.

7.5. Оқу үдерісін жабдықтармен, оқытудың техникалық құралдарымен, оқу-әдістемелік әдебиетпен, оқытудың дидактикалық құралдарымен қамтамасыз ету.

7.6. Білім алушылардың бастапқы деңгейлері мен олардың дамуын одан әрі қадағалауды анықтау үшін диагностика және мониторинг жүйесін әзірлеу.

7.7. Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету мәселелері, білім алушыларды психологиялық-педагогикалық диагностикалау мен тестілеу бойынша психологиялық қызметті ұйымдастыру және басқару.

7.8. Ұйымның және әдістемелік қызметтің практикалық жұмысына проблемаға бағытталған талдау жүргізу негізінде білім беру үдерісін басқарудың бағдарламалық-мақсатты тәсілдер енгізу.

Руководство разработкой и организация внедрения комплексной системы управления качеством учебно-воспитательного процесса включает:

Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын басқарудың кешенді жүйесін әзірлеу және оны енгізуді ұйымдастыруды басқару:

· оқу-тәрбие үдерісін регламенттейтін және реттейтін ұйымдастырушылық нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу;

· ұйымның білім беру бағдарламаларын, оқу бөлімдерінің білім беру бағдарламаларын, балалар ұжымдарының оқу бағдарламаларын, оқу-тақырыптық және оқу жоспарларын, сабақ кестесін, ережелерді, жоспарлар мен есептерді, құжаттардың басқа түрлерін әзірлеу;

- жаңа әдістер мен білім берудің технологиялары, оқытудың белсенді әдістері мен техникалық құралдарының нақты мамандықтары бойынша нұсқаулар әзірлеу және білім беру үдерісін бағдарламалау әдістерінің қызметін тәжірибеге ендізу;

- білім беру, тәрбиелік, мәдени-демалу қызметтерінің жетістіктерін бағалау, нақты білім беру бағдарламаларының жетістіктерін бақылау және жалпылау;

- қажетті құжаттар әзірлеу және байқаулар, көрмелер, олимпиадалар, слеттер, жарыстар өткізу туралы оқу бөлімшелерін ақпаратпен қамту, оларға әкімшілік және педагог қызметкерлерді қатыстыруды ұйымдастыру, нәтижелерді талдау және есеп беру;

- оқу бөлімдері мен балалар бірлестіктерінде ашық сабақтар ұйымдастыру, оқытудың әдістері мен жаңа технологияларын апробациялау;

- балаларға қосымша білім беру ұйымындағы балалар ұжымдарының, әкімшілік-басқарушы және педагог қызметкерлердің тәжірибелік-эксперименталдық және ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру, алынған нәтижелерді талдау және есеп беру, оқу-әдістемелік материалдарды басып шығаруға дайындау.

8. Әдістемелік қызметтің функциялары

8.1. Ақпараттық функция

Ақпараттық қызмет әдістемелік жұмыстың мәселелері бойынша ақпарат жинауға және оны өңдеуге, балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің негізгі мәселелері бойынша деректер банкіні анықтауға және құруға бағытталған.

Ақпаратқа қойылатын талаптар:

- маңыздылық;
- қанықтылық;
- шектік нақтылық;
- әділдік.

Ақпараттың түрлері

Сыртқы	Ішкі
Нормативтік құқықтық құжаттар	Педагогикалық кадрлармен жұмыс жөнінде
Қоғамдық	Оқытудың сапасы жөнінде
Ғылыми-педагогикалық	Ұйымның сыртқы байланыстары жөнінде
	Бағдарламалар бойынша оқытудың сапасы жөнінде

Ақпараттың түрлері:

Оперативтік – аз уақыт ішінде ұйым жұмысын бағалауға қажет деректерді қамтиды.

Стратегиялық – бағдарламаның және ұйымның даму келешегін іске асыру бойынша деректерді қамтиды.

8.2. Аналитикалық қызмет

Аналитикалық қызмет әдістемелік қызметтің нақты жағдайына және тәсілдерді, мақсатқа жету бойынша құралдарды қолданудың дәлелдігіне, алынған қорытындылардың және зерттеліп жатқан жүйені жаңа қалыпқа ауыстыру бойынша реттеуші механизмдерді жасап шығарудың әділ бағасына бағытталады.

Принциптер:

- білім беру траекториясы бойынша тұлғанының қозғалысы туралы ақпаратты жекелендіру;
- ақпаратты талдаудың толықтығы мен интегралдығы;
- білім беру үдерісіне және оның субъектілерінің ерекшеліктеріне жүргізілетін өлшемдердің ашықтығы;
- ақпарат алу жылдамдығы және оны қолдану әсерлігін талдаудың үздіксіздігі;
- қолданылатын ақпараттың үнемділігі.

Проблемаға бағытталған талдау – жеке педагогтердің проблемаларын, ұйымның тұтас проблемасын анықтау.

Ақпаратқа педагогикалық талдау – білім беру үдерісіне оң немесе теріс әсер ететін факторлар мен шарттарды анықтау.

8.3. Жоспарлы-болжамдық қызмет – әдістемелік қызметтің негізі. Ол нақты және мінсіз мақсаттарды таңдауға және оларға жету бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған.

Болжау объектілері:

- сыртқы ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайы және ұйымның даму стратегиясын түзету үшін әлеуметтік тапсырыс немесе қоғамдағы, білім берудегі жағдайдың өзгеру үрдісінің балаларға қосымша білім беру ұйымдарына әсері;
- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының болашақ мүмкіндіктері: материалдық-техникалық және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру бағдарламаларын іске асыру; білім алушылардың контингенті; оқу-тәрбие үрдісінің жаңа педагогикалық технологияларға ауысу құралдары;

- болжамды жаңалықтар енгізілген жағдайдағы күтілетін нәтижелер;

- нақты басқарушылық шешімдердің салдары.

Жоспарлаудың шарттары:

- мақсат пен міндеттерді айқын анықтау;
- әдістемелік қызметтің деңгейі мен қалпын есепке алу;
- қызметтің жолдары мен құралдарын таңдау.

8.4. Жобалау қызметі

Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің төмендегілерді кіріктіретін әртүрлі жобаларды және оның мазмұнын әзірлеуге бағытталған:

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасы және басқа да стратегиялық құжаттар;

- білім беру, демалу, сауықтыру, оңалту, бейімдеу бағдарламалары;

- оларды іске асыру технологиялары;

- балаларға қосымша білім беру ұйымының қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құжаттар;

- білім беру, демалу, инновациялық зерттеу, тәжірибе, ұйымдастыру қызметінің түрлерін қамтамасыз ететін әдістемелік құжаттар;

- инновациялық қызметті іске асыратын технологиялар;

- ең нәтижелі әдістер мен оқыту тәсілдері.

Мақсаттарға қызмет ететін білім беруге жалпы әлеуметтік тапсырыстың сол бөлігі балаларға қосымша білім беру ұйымының миссиясы анықталуда.

Қорытынды: балаларға қосымша білім беру ұйымының болашақ қалпы болып саналатын қызметтің жобасын әзірлеу.

8.5. Ұйымдастыру-үйлестіру қызметі

Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы бәсекелі жағдайды ескере отырып, әрбір педагогке өзінің кәсіби деңгейін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру икемді сипатта болып келеді.

Негізгі бағыттар:

- әдістемелік қызмет жұмысын қамтамасыз ететін құрылымдар құру және жұмысын ұйымдастыру;

- әдістемелік қызметті ұйымдастырушылар арасында қызметті тиімді бөлу;

- балаларға қосымша білім беру ұйымындағы тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс жүйесін ұйымдастыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

- педагог қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жүйесін ұйымдастыру;

- конференциялар, семинарлар, байқаулар және тағы басқа шаралар ұйымдастыру;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарында жаңа енгізілімдерді сәтті іске асыру үшін қажет сыртқы байланыстар жүйесін ұйымдастыру;

- инновациялық үдеріске қатысушылардың бірлескен қызметін үйлестіру; балаларға қосымша білім беру ұйымының педагог кадрларының және басқа ұйымдардан тартылған өкілдердің инновациялық қызметтерінің әрекеттестігі;

- балаларға қосымша білім беру ұйымының басқа да облыстық балаларға қосымша білім беру ұйымдарымен бірлескен қызметін үйлестіру;

- басып шығаруға дайындалатын әдістемелік құралдарды, нұсқаулықтарды, материалдарды редакциялауды ұйымдастыру.

8.6. Үйретуші қызмет

Білім беру үдерісін іске асырудағы нақты бір педагогтің кәсіби деңгейін арттыруға, педагогті маңызды педагогикалық білімдермен қаруландыруға, жалпы ой-өрісін, сонымен қатар педагогке қажет тұлғалық қасиеттер мен ерекшеліктерін дамытуға бағытталған.

Қажет шарттар:

- диагностикалық негіздегі жұмысты ұйымдастыру;
- кәсіби шеберлігін арттырудағы педагогтің еріктілігі;
- оқылатын материалдың оңтайлы көлемін таңдау.

8.7. Бақылау функциясы

Әдістемелік қызмет жұмысында ерекше орын алады және педагогтерге қатысты іске асырылады. Бақылауды ұйымдастыру ұйымның әдістемелік қызметінің сәйкестігін және оның дамуын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік қызметті басқару үдерісі балаларға қосымша білім беру ұйымының педагогикалық жүйелері арасында сенімді *кері байланысты* талап етеді.

Кері байланыс – педагогикалық үдеріске қатысушылар арасында ақпаратпен алмасу.

9. Әдістемелік қызметтің жұмысын жоспарлау

Әдістемелік қызмет жұмысын жоспарлауды ұйымдастыру балаларға қосымша білім беру ұйымдарының мынаны өткізуін болжайды:

- ұйым қызметінің бағыттары бойынша оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын талдау;
- оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдарды әзірлеу, ұйымның тұтас даму жолдарын болжау.

Балаларға қосымша білім беру ұйымындағы әдістемелік қызметтің мазмұны мынаны болжайды:

- қоғамдық пікірді, балалар мен жасөспірімдердің көңіл-күйін, қызығушылықтарын, құндылықтарға бағытталуын зерделеу және талдау жасау;
- балалар мен жасөспірімдер ортасындағы тәрбиелік және білім беру үдерістерін болжауды іске асыру;
- Оқу жылына бөлімдердің оқу-әдістемелік және консультациялық сағаттарының, тәжірибелік-эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін есептеу;
- белгіленген шараларды орындауды ұйымдастыру және бақылау, нәтижелерін талдау және есеп беру.

Бұл шаралар жыл сайын өткізіледі, әдістемелік қызмет жұмысының жоспарына дер кезінде түзетулерді енгізуге және жұмсалған шығыстар мен алынатын нәтижелердің сәйкестігін белгілеуге мүмкіндік береді.

Оқу-тәрбие үдерісін оқу және көрнекі құралдармен жабдықтау, оларды қолдану, ақпараттық-әдістемелік және бағдарламалық қорды қамтамасыз ету бойынша деректер қорын жарақтандыру жоспарының орындалуын бақылау, әдістемелік қызмет пен оның қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар ұйым қызметтерінің тиімділіктерін бағалау.

Балаларға қосымша білім беру ұйымының әдістемелік қызметі мазмұнының құраушы элементі болып табылады:

- тұлғаны дамытудағы міндеттерді шешуде прогрессивтік инновациялық тәсілдерді насихаттау және анықтау; қызметті жетілдіру және жаңашыл тәжірибені қолдану бойынша басқарушы және педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету;
- қосымша білім беру ұйымы қызметінің тәжірибесіне ғылыми зерттеулер жүргізу, озық педагогикалық тәжірибені енгізу және жалпылау, педагогтердің ғылыми және теориялық құзыреттіліктерін жетілдіруге жәрдемдесу, номативтік құжаттарды олардың назарларына жеткізу;

- педагог қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жүйесін ұйымдастыру: курстар, семинарлар, конференциялар өткізуді жоспарлау және оқытуды басқа қосымша білім беру ұйымдарында, біліктілікті артыру институттарында және тағы басқа жерлерде ұйымдастыру;

- әдістемелік кеңестің, әдістемелік бөлменің жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау, әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтардың жұмыстарына басшылық ету;

- жұмыс жоспарын орындау жөніндегі есептік құжаттар дайындау.

Балаларға қосымша білім беру ұйымында әдістемелік қызметтің жұмысы үшін ұйымдастырушылық құрылымдар құрылады.

Медиатека

Медиатека ақпараттық қызметті іске асырады және оның міндеті маңызды басқарушы және педагогикалық тәжірибенің «деректер қорын» құру болып табылады, басқарушы және педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейлерін арттыру үшін оны жалпылау және насихаттау.

Медиатеканың құрылымы: шағын кітапхана, видеотека, фонотека, диатека, компьютерлік, ксерокөшірме және әдістемелік аймақ.

Шағын кітапханада қорлар қалыптасады:

- арнайы әдебиет: білім беру қызметінің бағыттары бойынша педагогикалық, әдістемелік, басқарушылық, арнайы;
- нормативтік құжаттар;
- газет-журналдар;
- әдістемелік көрме.

Видеотекада бейнежазбалар қоры сақталады. Ол бейне аппаратурамен жабдықталуы қажет.

Фонотека магниттік аудиожазбаларды кірістіреді және тиісті аппаратурамен қамтылады.

Диатекада диафильмдер мен диапозитивтердің қоры және міндетті түрде диапроектор аппаратуралары сақталады.

Компьютерлік аймақ дискотеканы (компьютерлік бағдарламалар қоры) біріктіреді және компьютермен, принтермен, сканермен жабдықталады.

Ксерокөшірмелік аймақ ксерокспен қамтылады.

Әдістемелік аймақ нақты бір мамандардың санаттарына белгілі бір әдістемелік көмек көрсету үшін жиналған, жүйелендірілген әдістемелік материалдардың жиынтығын көрсетеді.

Медиатеканың базасында педагог қызметкерлердің өзіндік жұмыстары іске асырылуы, сонымен қатар жеке және ұжымдық консультациялар өткізілуі, әдістемелік көрмелер мен педагогикалық оқулар ұйымдастырылуы мүмкін.

Медиатека қызметінің нәтижесі дайындалған ақпараттық бюллетеньдер, нұсқаулықтар, ескертпелер, әдістемелік нұсқаулықтар, бейнефильмдер болып табылады.

Шығармашылық шеберхана

Шығармашылық шеберханада ақпараттық, жобалық, білім беру **қызметтері** іске асырылады.

Оның мақсаты:

- оқыту мен тәрбиенің педагогикалық технологияларын құрастыру;
- педагог кадрлардың біліктіліктерін арттыру;
- үздік педагогикалық тәжірибені енгізу.

Шығармашылық шеберхана қызметінің құраушы мазмұндық элементтері: оқыту мен тәрбиелеудің өзекті технологияларын меңгеру; педагогикалық жағдайларды, педагогикалық қызметтің дәстүрлі емес түрлерін құрастыру.

Жұмысты іске асырудың негізгі түрлері:

- нұсқаушы-ақпараттық және көшпелі семинарлар;
- практикумдер;
- рөлдік ойындар;
- сабақты ашу;
- тәлімгерлік;
- шығармашылық істердің эстафетасы;
- жаппай шаралар (шығармашылық байқаулар);
- ғылыми-тәжірибелік конференциялар;
- біліктілікті арттыру курстары.

Келесі өнімдердің түрлері шығармашылық шеберхана жұмысының нәтижесі бола алады:

- педагогтердің шығармашылық жұмыстарының (бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулықтар) жинағы;
- оқу құралдары;
- сабақ үшін үлестірмелі материалдар;
- педагогикалық табыстардың картотекалары;

- оқыту мен тәрбие түрлерінің әдістемелік нұсқаулықтары;
- педагогикалық технологиялар;
- рөлдік ойындар;
- біліктілікті арттыру курстарының, семинарлардың, практикумдердің бағдарламалары;
- шығармашылық және жаппай шаралар жөніндегі ереже;
- жаппай шаралардың сценарийлері.

Зертхана

Зертхананың негізгі қызметі: ақпараттық, аналитикалық, болжамалы, жобалық.

Жалпы ереже

Ғылыми және тәжірибелік жұмыс зертханасы – балаларға қосымша білім беру ұйымын дамыту тәртіптемесіндегі педагогикалық ұжымның ғылыми-зерттеу және әдістемелік қызметін ұйымдастыру түрі.

- Ғылыми және тәжірибелік жұмыс зертханасы балаларға қосымша білім беру ұйымының әдістемелік қызметінің құрамына енеді және оның жүйе құраушы құрылымы болып табылады.

- Ғылыми және тәжірибелік жұмыс зертханасы дәстүрлі кәсіби бірлестіктердің, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының шеңберінде шешілмейтін білім берудің жаңа тәжірибелерінің шешімдерін табады.

- Ғылыми және тәжірибелік жұмыс зертханасы балаларға қосымша білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі әзірлейтін және оның педагогикалық ұжымы қабылдайтын тәсілдерді іске асырады, балаларға қосымша білім беру ұйымының стратегиялық құжаттарына сәйкес жарғы, даму бағдарламасы және осы ереже арқылы өзінің жұмысын ұйымдастырады.

Мақсаты: ұйым қызметкерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, білім беру үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- білім беру үдерісіне проблемаға бағыталған талдау жасау;
- балаларға қосымша білім беру ұйымының даму, білім беру бағдарламаларын әзірлеу;
- әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- балаларға қосымша білім беру ұйымының ғылыми-әдістемелік кеңесі әзірлейтін стратегиясы мен тәсілдерін іске асыру;
- ғылыми және тәжірибелік жұмыстардың бағыттары мен тақырыптарын анықтау;
- педагогтердің ғылыми-зерттеушілік қызметтерінің патронажы;

- балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі инновациялық педагогикалық тәжірибені ғылыми сүйемелдеу;
- балаларға қосымша білім беру жүйесінің даму болашағын болжау.

Зертхананың жұмыс **құрамына** білім беру бағдарламаларын апробациялау үшін (балаларға қосымша білім беру ұйымдарында және мектептегі балаларға қосымша білім беру блогында) **үш кезеңді** қамтитын, тәжірибелік-эксперименталдық алаңдар құру енеді.

Жобалаушы кезең болжайды:

- балалардың және олардың ата-аналарының білім беру сұраныстарын анықтау;
- оларды қанағаттандыру үшін тәсілдер мен құралдарды іздеу;
- білім беру (тәжірибелік) бағдарламаларын әзірлеу.

Бұл кезең балаларға қосымша білім беру педагогтері мен әдіскерлерді, ғылыми мамандарды қатыстыру арқылы іске асырылады.

Ұйымдастыру-енгізу кезеңі ұйымдастырады:

- педагогтердің тәжірибелік-эксперименталдық алаңдарын анықтау;
- оларға бағдарламаларды апробациялау;
- бағдарламаларды іске асыру нәтижесін және әдістемелік құралдарды дайындау.

Редакциялық-ресімдеу кезеңі қамтиды:

- басып шығару үшін бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды ресімдеу;
- педагогикалық байқауларға қатысу.

Зертхана қызметінің негізгі бағыттары

Балаларға қосымша білім беру ұйымында білім беру қызметінің мәселелері бойынша зерттеу, тәжірибе жұмыстарын жүргізу үшін шығармашылық және проблемалық топтар ұйымдастырады.

- Облыстық балаларға қосымша білім беру ұйымының тәжірибесіне инновациялық білім беру жобаларын енгізу.

- Ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, консультациялар және тағы басқаларды ұйымдастыру және өткізу арқылы балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту саласында іздеудің, ғылыми зерттеулердің позитивтік жетістіктерін жалпылауды және таратуды іске асырады.

- Балаларға қосымша білім беру ұйымының әр түрлі көріністерін ескере отырып, жаңа бағдарламалар мен технологиялар бойынша әдістемелік материалдар мен ұсыныстарды жүйелендіреді.

- Балаларға қосымша білім беру ұйымының жетекші және педагог қызметкерлеріне білім берудің жаңа мазмұнын енгізуде әдістемелік қамтамасыз ету бойынша тәжірибелік көмек көрсетеді.

- Балаларға қосымша білім беру ұйымының жұмыс тәжірибесіне ғылыми-педагогикалық жетістіктерді, жаңа бағдарламалар мен технологияларды енгізуге қолдау көрсетеді.

- Балалар мен жастарды шығармашылық, зияткерлік және рухани дамыту, балаларға қосымша білім беру жүйесінің әлеуетін дамыту және сақтау мүддесіне орай, ғылыми қоғамдастықтардың, шығармашылық, білім беру қызметтерін ұйымдастырады және бақылайды.

Зерттеу және шығармашылық қызметпен айналысатын талантты және дарынды балалар, жастар және оқушылармен ғылыми және практикалық педагогикалық жұмыстың жүйесін ұйымдастырады.

Зертхана жұмысы кеңес, ашық сабақтар, шығармашылық шеберліктер, практикумдар, семинарлар түрінде жүзеге асырылады, зертхана өнімінің мүмкін болатын түрлері мынадай болады:

- білім беру бағдарламалары;
- бағдарламаны жүзеге асыру бойынша әдістемелік құралдар;
- оқу құралдары;
- ашық сабақтар, шығармашылық шеберліктер, семинарлар, практикумдардың әдістемелік нұсқаулары;
- нормативтік құжаттар;
- балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік құжаттар.

Қызметті ұйымдастыру

- Зертхананың ғылыми-зерттеу жұмысы зерттеу қызметінің ерекшеліктері мен сатыларын қамтитын бағдарламаға сәйкес құрылады.

- Зертхана жұмысының бағдарламасы құжаттардың осындай деңгейлі талаптарына сәйкес әзірленеді және қорғаудан өтіп ұйымның әдістемелік кеңесінде бекітіледі.

- Зертхана жұмысының міндеттері мен мазмұны жыл сайынғы жоспарлау мен зертхана мүшелерінің жеке жоспары арқылы анықталады. Ұйымның әдістемелік кеңесінде бір жылдық жұмыс нәтижесі қорытындыланады.

- Жұмыс нәтижесі ғылыми басылымдарда, ғылыми-әдістемелік конференцияларда баяндалып, білім беру үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде көрініс табуы қажет.

- Зертхана қызметінің ғылыми және эксперименттік жұмыс құрылымы, ұйымдастырылуы мен мазмұны икемді. Оның модификациясы білім беру үдерісін дамытудың өзекті жағдайы мен оның қатысушыларын алдын-ала анықтау қажет.

Басқару

- Зертхана жұмысының басшылығын, ғылыми және эксперименттік жұмысты зертхана меңгерушісі жүзеге асырады, ол өзінің қызметін ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасарымен келіседі, жұмысы туралы әдістемелік кеңес пен ұйым басшысына есеп береді.

- Зертхана құрамындағы жұмыс бірлестік ұстаздарының ғылыми және әдістемелік қызығушылықтарына, кәсіби құзыреттілік деңгейіне сәйкес еркін таңдау негізінде жүзеге асырылады.

- Ғылыми зертхана жұмысының негізгі түрлері: жоспарлы отырыстар, семинарлар, жұмыс мазмұны нәтижесі сипатталған педагогтердің шығармашылық бірлестіктері туралы баяндамалары, кезекті талдаудағы өзара сабақтар, зертхана меңгерушісінің педагогтермен – лаборатория мүшелерімен жеке жұмысы.

- Зертхананың толық құрамды отырысының мерзімі – үш айда 1 рет. Зертхана құрамы отырыс мерзімін жұмыстың әр түрлі бағыты бойынша бөлек орнатады.

Заманауи жағдайда әдістемелік жұмыс қызметінің мазмұнын дамыту осы салада **әрі қарай ғылыми зерттеуді** болжайды, өз кезегінде, аталған жұмыс пен жоғарыда түсіндірілген өзгерістерге тән анықтауды шарттау және басқа функциялар мен ұйымдастыру құрылымын құру.

10. Жұмыстың оқу-әдістемелік құжаттамасы

10.1. Құжаттарды әзірлеу мен ресімдеудің түрлері, талаптары.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмыс қызметінің құрылымдық бөлімі сапалы оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлейді.

Оқу-әдістемелік құжаттаманың сипатына байланысты ол педагогтер мен оқушыларға арналуы мүмкін.

Педагогтерге арналған жұмыстың оқу-әдістемелік құжаттамасы мынаны енгізеді:

- ғылым, мәдениет, педагогикалық озық тәжірибе жетістіктері және т.б. білім беру қызметі түрлерінің бағыттары бойынша мәселенің толық мазмұнын табатын мәтін;

- тақырып, сабақ түрі, мақсаты, қойылған мәселелерді зерттеу бойынша жүйелеу және уақыт бөлу, алған білімді тексеру, қорытындылау, сабақты техникалық және дидактикалық оқыту құралдармен қамтамасыз ету.

Сабақ өткізу бойынша оқу-әдістемелік құжат түрі болып табылатын әдістемелік нұсқаулар оқу үдерісін ұйымдастыру, сабақ өткізудің әдістемесі мен технологиясы бойынша материалдарды қамтиды. Аталған құжат нормативтік-реттеу сипатта жүргізіледі және оқу-әдістемелік қызметте міндетті орындалуын қарастырады.

Сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар – оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған ұсынымдар, кеңестер, жеке сабақтарды өткізу әдістері, сондай-ақ оқу үдерісінде техникалық және дидактикалық оқыту құралдарын қолдану бойынша оқу-әдістемелік құжаттың түрі.

Білім беру бағдарламасының тақырыбын зерттеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (нұсқаулар) мыналардан тұрады:

- білім беру бағдарламасында оқылған тақырыптың мазмұндалуынан тұратын кіріспе бөлімі, білім берудің мақсаты мен міндеттері;

- әр тақырып мәселесі бойынша негізгі ережелерден мазмұндалған негізгі бөлім.

Әр мәселенің мазмұны әдістемелік кеңес хаттамасында нақты материалдар, дерекнама, мағлұматтар және сілтемелерлер бірге жүреді, аталған мәселе бойынша озық тәжірибені оқып білудегі қысқа қорытындымен аяқталатын ұсыныстар және ұсынылған әдебиеттер тізімі болады.

Сабаққа оқушылардың дайындалуы және қатысуы бойынша әдістемелік ұсыныстар. Оларда аталған тақырып бойынша міндеттерді оқыту, оқу мәселелері мен әдебиеттер тізімін жеткізу мазмұндалған.

Практикалық сабақтарға нақты тапсырмалар мен олардың дайындалуы бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Үй жұмысын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар мынаны енгізеді:

- үй жұмысының мақсаттары мен міндеттері қалыптасқан, аталған мәселе бойынша негізгі теориялық ережелер ашылған бастапқы ережелер;

- үй жұмысының мазмұны, ресімдеу тәртібі мен орындалуы;

- шешілуге тиісті мәселелер тізімі.

10.2. Оқу-әдістемелік құжаттаманы дайындау және ресімдеу талаптары

Жұмыс оқу-әдістемелік құжаттамасын дайындауды толық қамтамасыз ету есебінен сабақ түрлері бойынша барлық оқу бағдарламаларын жоспарлау.

Оқу-әдістемелік құжаттаманың тізімі, көлемі, дайындау түрлері мен мерзімі қосымша білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмыс жоспарларында бекітіледі.

Жұмыстың оқу-әдістемелік құжаттамасы екі данадан кем емес басылады. Бірінші дана әдістемелік жұмыс құжаттамасында, екінші – авторда сақталады.

11. Қосымша білім беру педагогінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту шарты

11.1. Мәселенің өзектілігі

Еліміздегі білім реформасына байланысты өзекті әлеуметтік-мәдени мәселелері балаларға қосымша білім беруді дамытуға үлкен назар аудартады. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары шығармашылық белсенді, әлеуметтік-мәдени құндылықтары бар адамдарды тәрбиелей алатын педагогтерге мұқтаж.

Балаларға қосымша білім беру құрылымы жалпы және кәсіби білім беру жүйесіне, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени салаға кіреді.

Заманауи жағдайда балаларға қосымша білім беруге қолайлы жағдайды қамтамасыз етудің өмірден қоғамға өскелең ұрпақтың әлеуметтік бейімделуі үшін күрделі міндетті орындайды. Бұл аталған білім беру саласында кәсіби қызметтің маңыздылығын арттыратын негізгі субъект – балаларға қосымша білім беру педагогі.

Қазіргі кезде балаларға қосымша білім беру нәтижесіне қоғамның заманауи талаптарының және балаларға қосымша білім беру педагогтерінің шығармашылығын дамыту деңгейі белгіленген.

Қазіргі педагогикалық ЖООын бітіруші қосымша білім беру жүйесінде жұмыс істеу үшін кәсіби деңгейде арнайы теориялық білім мен практикалық икемділікті меңгермеген. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының көпшілігі педагог кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты теориялық және практикалық дайындығы әртүрлі сападағы қызметкерлерді, көбінесе базалық педагогикалық білімі жоқ қосымша білім педагогтерін жұмысқа алады. Педагогикалық қызметпен айналыса бастаған бұрынғы әскери, инженерлік-техникалық және клубтық жұмысшылар балалармен жұмыс істегенде белгілі қиыншылықтарға кездеседі.

Сондықтан білім беру үдерісінің субъектісі ретінде қосымша білім беру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту жағдайын анықтауда қажеттілік туындайды, педагогтің біліктілік санаты мен оның тұлғалық дамуына ұмтылысын анықтау.

11.2. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі

Педагогтің кәсіби мәнді ерекшелігін ғалымдар көп уақыттан бері қарастырды және педагогикалық, психологиялық, қалыптасуындағы әлеуметтік жағдайды айқындайтын кәсіби құзыреттіліктің мазмұнын анықтады.

Терминологиядағы айырмашылыққа қарамастан, авторлардың құзыреттілік құрамында теориялық, практикалық, жеке үш компонент (деңгей) бар екендігі туралы көзқарастары үйлеседі. Теориялық көзқарас бойынша, әртүрлі авторлар (Сластёнин В.А, Борытко Н.М., Соломенникова О.А. және т.б.) педагогикалық құзыреттілікке анықтама берген, құрылымы көрсетілген, құзыреттілік классификациясы құрылған.

И.Д Лаптева құзыреттілікті бастапқы, негізгі және арнайы деп бөледі. Бас құзыреттілік тез өзгеретін әлемде тұлға жетістігімен байланыстыратын негізгі ерекшеліктерін пәндік және пәнүстілік салада анықтайды.

Педагогикалық мамандық бір мезгілде өзгере алады және басқара алады. Тұлға дамуын басқару үшін, құзыретті болу керек. Педагогтің кәсіби құзыреттілік ұғымы педагогикалық қызметті жүзеге асырудың теориялық және практикалық дайындығын және оның кәсібилігін сипаттайтынын білдіреді.

Құзыреттілік (латын сөзінің *competentio, compete* - дегеніне жету, сәйкестену, үйлесу) – бұл маманның анықталған кәсіби міндет класын шешетін жеке қабілеттілік. Сондай-ақ құзыреттілікті компания қызметкерлерінің (немесе басқа да қызметкерлер тобына) тұлғалық, кәсіби және т.б. қабілеттерге формальді сипатталған талаптар деп түсінеді.

К.Ангеловский педагогтің кәсіби құзыреттілік құрылымын педагогикалық дағдылар арқылы бөледі [1, б.63].

Педагогикалық дағдылар төрт топқа біріктірілген.

1. Тәрбие үдерісінің объективтік мазмұнында “аудару” дағдысы нақты педагогикалық міндеттерді: ұжым мен жеке оқушыны дамыту негізінде жаңа білім мен жобалауды белсенді меңгеруде олардың дайындығын анықтау үшін тұлға мен ұжымды үйрету; білім, тәрбие беру және дамыту міндеттерінің кешенін шығару, олардың басымдық міндетін айқындау және анықтау.

2. Логикалық аяқталған педагогикалық жүйе қозғалысына келтіру және құру: білім беру-тәрбие міндетін жоспарлау кешені; оны ұйымдастыруға негізделген нысанды, әдісі мен құралдарын таңдау.

3. Тәрбиенің компоненттері мен факторлары арасындағы байланысты шығару және орнату дағдысы, оларды қозғалысқа келтіру: мүмкін жағдай жасау (материалдық, моральдық-психологиялық, ұйымдастырушылық және т.б.); оқушы тұлғасын белсендіру, оның қызметін дамыту және т.б.

4. Педагогикалық қызмет нәтижесінің есеп беру және бағалау дағдысы: білім беру үдерісінде өзін-өзі тексеру мен талдау және ұстаз қызметінің нәтижелері; басыңқы және бағыныңқы міндеттердің жаңа кешенін анықтау.

Құзыреттілікті сипаттайтын маңызды ерекшеліктердің бірі – ынта. Қызметтің жаңа түрлеріне ішкі жандану, қандайда бір әрекеттегі басқарушы роль. Ынталы адам қоғамдық белсенді, әлеуметтік шығармашыл, кәсіпкер тұлға болып табылады. Ынта одан қоғамдық норманы жай сақтауды талап еткенімен, адам өзіне үлкен жауапкершілікті алатынымен сипатталады.

Құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерінің айтарлықтай маңыздысының бірі ынтымақтастық болып табылады. Бұл балалар мен ересектердің бірлескен даму қызметінің өзара түсінушілік, рухани дүниеге ену, қызметтің ұжымдық талдау бағыты мен нәтижесі бекітілген гуманистік идея.

Ғылыми әдебиетті талдауда педагогтің құзыреттілік мәселесін зерттейтін ғалымдар, өз зерттеулерінде кейде «кәсіби құзыреттілік» [2, 9 б.] терминін, кейде екі терминді, ал кей уақытта аталған терминді біріктіріп, кәсіби-педагогикалық қызметпен үйлестіріп «кәсіби педагогикалық құзыреттілік» деп көрсетеді.

Қазіргі уақытта ғылымда бұл ұғымды анықтауға бірыңғай тәсіл жоқ. В.А.Сластенина, И.Ф.Исаева, А.И.Мищенко және Е.Н.Шиянова көзқарастары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық қызметті жүзеге асыруға, оның теориялық және практикалық дайындығында тұтастығын білдіретін, сонымен қатар педагог құзыреттілігінің құрылым негіздеріне осы дайындықты сипаттайтын сансыз педагогикалық дағдылар құрайды [3, 9 б.].

Педагогикалық құзыреттілік – педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық білім, тәжірибе, ерекшелік пен педагогтің қабілеті, педагогикалық тілдесу үдерісін мақсатты ұйымдастыру және тұлғалық даму мен педагогті жетілдіруді болжау біртұтас жүйеде құрылған жүйелік көрініс мазмұны [3:10].

Педагогтің кәсіби құзыреттілігінің басымдылық блогы педагог тұлғасы болып табылатын құрылымында тұлға уәждемесін (тұлға

бағыттылығы және оның түрлері), ерекшелік (педагогикалық қабілеттер, мінез-құлық және оның сипаты, психологиялық үдерістер мен тұлға жағдайы, тұлғаның интегралдық сипаты (педагогикалық өзіндік сана-сезім, жеке стиль, креативтік-шығармашылық әлеует). Психологиялық-педагогикалық және арнайы (пән бойынша) білім қажет, бірақ кәсіби құзыреттілік жағдайы мүлде жеткіліксіз. Көбі, соның ішінде теориялық-практикалық және әдістемелік білім интеллектуалдық және практикалық икемділік пен дағдылардың алғышарты болып табылады.

Педагогикалық шеберлік – теориялық білімге негізделген және үйлесімді тұлғаны дамытуда міндеттерді шешуге бағытталған кейбір бөлігі автоматтандырылған (дағды) болуы мүмкін. Осындай ұғым педагогикалық икемділіктің мәні болашақ мұғалімдердің практикалық дайындығын қалыптастырудағы теориялық білімнің жетекші рөлін, теориялық және практикалық дайындықтың біртұтастығы, педагогикалық икемділіктің көпдеңгейлі сипаты (репродуктивтіктен шығармашылыққа) мен жеке әрекетті автоматтандыру арқылы оны жетілдіру мүмкіндігін білдіреді.

Сондай-ақ, құзыреттілік - бұл анықталған әлеуметтік-кәсіби жағдайда тұлғаның білімі, икемділігі және тәжірибесіне сәйкес өлшемі, оның міндеті мен маңызды мәселенің шынайы күрделілік деңгейін орындауы.

11.3. Кәсіби құзыреттіліктің түрлері

Кәсіби құзыреттіліктің келесі түрлерін бөлетін заманауи зерттеулер

- Арнайы құзыреттілік – айтарлықтай жоғары деңгейде кәсіби қызметті шынайы меңгеру, өзінің әрі қарай кәсіби дамуын жобалау қабілеттілігі.

- Әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен (топтық) кәсіби қызметті, ынтымақтастықты меңгеру, сондай-ақ аталған кәсіптің кәсіби тілдесу тәсілдері алынған нәтижесі; кәсіби еңбектің нәтижесіне әлеуметтік жауапкершілік.

- Тұлғалық құзыреттілік – тұлғаның кәсіби өзгеруіне қарама-қарсы құралдары арқылы тұлғалық өз ойын білдіру мен өздігінен даму тәсілдерін меңгеру.

- Жеке құзыреттілік – кәсіп аясында өзін-өзі жүзеге асыру мен дамудың дара тәсілдерін меңгеру, кәсіби өсуге дайындық, жеке өзін-өзі сақтау қабілеті, кәсіби ескіруге шалдықпау, өзінің еңбегін артық жүк пен күшсіз ұтымды ұйымдастыра білу [5].

Еуропа кеңесі педагогті дайындау контексінде бес негізгі құзыреттілікті белгілейді.

- Өзіне жауапкершілікті алу қабілетіне байланысты саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер, бірлескен шешімдерді қабылдауға қатысу, демократиялық институттардың қызметін атқару және дамытуға қатысу.

- Ксенофобияның пайда болуына бөгет етуге ықпал ету, төзімсіз климатты тарту және айырмашылық мағынасы ретінде жағдай туғызу, сондай-ақ басқа мәдениеті, тілі мен діні бар адамдармен бірге өмір сүруге дайын болатын саяси-мәдени қоғам өміріне қатысты құзыреттіліктер.

- ауызша және жазбаша тілдесуді меңгеруін анықтайтын құзыреттіліктер, жұмыс пен қоғам өмірінде соншалықты маңызды, меңгермегендерге қоғамнан оқшаулану қаупі төніп тұр. Осындай тілдесу түріне барлық жас ерекшелік мәнін қабылдайтын бірнеше тілдерді меңгергендер жатады.

- Ақпарат қоғамы пайда болуына байланысты құзыреттіліктер. Жаңа технологиялар, олардың күштілігі мен әлсіздігін түсіну, БАҚ, ақпарат интернеті мен жарнаманы таратуға сыни қарау қабілеті.

- Тек кәсіби жоспарда ғана емес, сондай-ақ жеке және қоғамдық өмірде өмір бойы оқуға қабілеті пен ықыласын жүзеге асыратын құзыреттіліктер [6, 6 б.].

Ғылыми әдебиетте психологиялық құзыреттілік мағынасы едәуір кең таралым алды.

Психологиялық құзыреттілік құрылымындағы педагог Н.Е.Костылев келесі элементтерді белгілейді:

- психологиялық үдерістер өтетін ерекшеліктер білімі;
- оқу мен тәрбиенің заңдылық білімі;
- оқушылардың жас ерекшеліктерін дамыту мен заңдылық білімі;
- шынайы педагогикалық тәжірибеде психологиялық білімдерін көтеру біліктілігі;
- психологиялық өзін-өзі реттеу құралдары мен тәсілдерін меңгеру.

Сондай-ақ, күйзеліс құзыреттілігі ерекше орынға ие. Б.И.Хасанов оны «күйзеліс пен біліктілікте мүмкін стратегиялар тәртібінің көлемі туралы хабарларды дамыту деңгейі, осы стратегияларды нақты өмірлік жағдайда жүзеге асыру» деп қарастырады.

Сондай-ақ коммуникативтік, оқу-танымдық, ақпараттық, әлеуметтік, жеке, тұлғалық құзыреттіліктер деп белгілейді. Заманауи жағдайда құзыретті ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті тұлғаны да қалыптастыру қажет.

Заманауи педагогика жалпы білім беретін мемлекеттік стандарттар шегінен тыс орналасқан білімнің барлық салаларын «балаларға қосымша білім беру» деп сипаттайды. Балаларға қосымша білім беру өз мазмұнында барлығын қамтитын болып табылады. Бізді қоршаған болмысы, тірі және өлі табиғат, бірлескен қатынас жүйесі, сана саласы - қосымша білім берудің пәні бола алмайтын нәрсе жоқ. Сондықтан ол тұлғаның әртүрлі қызығушылығын қанағаттандыру жағдайы.

Балаларға қосымша білім беру өз алдына өмірлік мәннің шеберлігі мен жетістігіне еркін жолды іздеуде білімқұмарлық пен қызығушылық негізінде жатқан гармониялық біріккен танымды, шығармашылықты, балалар мен үлкендердің тілдесуін ұсынады.

Сондай-ақ, бала өздігінен және өз еркімен қызметтің мазмұны мен эмоциялық құнды бағытын, үлкен маманды (педагогті, кеңесшіні, жетекшіні) немесе қызықты пікірлестер бірлестігін таңдайды.

Баланың елігушілігі өміріндегі негізгі ісіне қол жету жолында дарынды бала айқын көрінеді.

Балаларға қосымша білім берудің әдістемелік негізі қоғамның мәдениет тиімділігінен мәдениет құндылықтарына көшуге мүмкіндік туғызатын дамытушылық вариативтік білімнің парадигмасы болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру негізгі жағдайда өзгеше «бастапқы алаң» болып, ел әлеуетінің шығармашылық, интеллектуалдық қалыптасуының бастамасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Балалардың әуесқой бірлестіктерінде мәдени өмір сүру ортасы жобаланады, өңделеді, қызығушы адамдардың қатынасы, балалар мен жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктері ескеріледі, және ол білімнің адамгершілік құндылықтарына бағытталған. Осындай құнды ұстанымда ғылыми-әдістемелік жұмыс, педагог кадрларды бағдарлау және аттестаттау, рекреативтік-бос уақыт қызметі қойылады.

Балаларға қосымша білім берудің өңірлік ұйымдары (балалар шығармашылық орталықтары, сарайлары, үйлері, жас техниктер мен натуралистер клубтары, студиялары, стансалары, мектептер, балалар сауықтыру лагерлері, балаларға қосымша білім беру, дәстүрлі мәдениет, халық қолөнер кәсіби орталықтары және т.б.) – білім беру ұйымдарының түрлерінің негізгі белгіленгені – тұлғаның таным мен шығармашылық уәждемелеуін дамыту, қосымша білім беру бағдарламалары мен қызметтерін жүзеге асыру – тұлға, қоғам, мемлекет мүддесі.

Олардың негізгі міндеті – тұлғаның дамуына, денсаулығын нығайтуға, кәсіби өзін-өзі анықтауына, балалардың шығармашылық еңбегіне қажетті жағдайды қамтамасыз ету. Бұл ұйымдарда балаларға

негізгі шығармашылық білім беру, өзін-өзі анықтау (оның ішінде кәсібиге дейін) және қоғамда әлеуметтену мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл ұйымдар, негізінде, білім беру жүйесінде тәрбиелеу функциясын өзіне алды.

Аталған білім беру жүйесі бала мен оның жанұясы сауалына, қоғамның сауалына бағытталған, онда ешқандай қатал мемлекеттік стандарт жоқ. Балаларға қосымша білім беруде баланың субъективтік ұстанымы көрсетілген, педагогті, шығармашылық және әлеуметтік қызмет түрін, ұжымды, сабақ кестесін таңдау құқығы айқын көрсетілген. Қосымша білім беру ұйымындағы тәрбиеленушінің тұлғалық, шығармашылық дамуы шығармашылық нәтижеге, тұлғалық жетістікті нормативтік бағалауға ұсыну қажеттілігіне қайшы келмейді. Оқу қызметінің мотивациялық компоненті жас ерекшелік мөлшері мен білім берудің мемлекеттік стандарты деңгейін дамытудың арақатынасы баланы басқалармен салыстыруды бұзбайды. Сондай-ақ, балаларға қосымша білім беру ұйымдарында білім беру (тәрбие) үдерісі балаға, оның жас және тұлғалық ерекшеліктеріне, оның әлеуметтік тапсырыс пен субмәдениетке бағытталған.

Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінің табысы адам бірегейлігінің шығармашылық дамуында бала қажеттілігінің сәйкестігіне байланысты. Осы табысты педагогтің бірегей шығармашылық тұлғасы ғана қамтамасыз ете алады.

11.4. Педагог білім беру үдерісінің субъектісі ретінде

Қосымша білім беру педагогі жұмысының негізгі функциялары мен ерекшеліктері

Қосымша білім беру мекемелерінде педагогикалық қызметтің мотивациясын түсіну үшін балаларға қосымша білім беру жүйесінің функциясы мен ерекшеліктерін, содан кейін аталған санаттағы педагогтер қызметінің ерекшеліктерін анықтау қажет.

Кәсіби функциялар педагогтің оқу-тәрбие жұмысына тікелей қызмет етеді. Оларда қызмет түрлері көп.

Балаларға қосымша білім берудің педагогикалық қызметіндегі кәсіби функциясының түрлеріне қысқаша сипаттама берейік:

- 1) білім беру – балаларға қосымша білім беру бағдарламалары, жаңа білім алу үшін баланы оқыту;
- 2) тәрбие – жалпы білім беретін мектептердің мәдени қабатын байыту және кеңейту, мектептің мәдени ортасын қалыптастыру, айқын адамгершілік бағыттардың негізінде анықтау, мәдениетке қатыстыру арқылы балаларды тәрбиелеу;
- 3) креативтік – тұлғаның жеке шығармашылық қызығушылығын жүзеге асыру үшін икемді жүйе құру;

4) компенсациялық – балаларға қызметтің жаңа бағытын меңгерту, тереңдетілген және қосымшаланған негізгі (базалық) білім мен балаға жалпы білім мазмұнын меңгерту үшін эмоциялық орта құру, оларға таңдалған шығармашылық саласында анықталған сақтандыру табысына жетуді балаға көрсету;

5) рекреациялық – баланың психофизикалық күшін қалпына келтіру саласы ретінде мазмұнды бос уақытты ұйымдастыру;

6) кәсіби бағдарланған – әлеуметтік мәні бар қызмет түрлеріне тұрақты қызығушылықты қалыптастыру, кәсіпалды бағдарлауды қосқанда баланың өмірлік жоспарын анықтау. Сондай-ақ, мектеп баланың әртүрлі қызығушылықтарын ұғынуға және жіктеуге мүмкіндік туғызып қана қоймай, сонымен қатар мамандардың күшімен көрсетілген ары қарай дамыту қабілеті бар қосымша білім беру ұйымын таңдауға көмектеседі;

7) интеграциялық – мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін құру;

8) әлеуметтену функциясы – баланың әлеуметтік тәжірибесін меңгеру, өмірге қажетті әлеуметтік байланыс пен жеке қасиет ұдайы өндіріс дағдысына ие болу;

9) өзін-өзі жүзеге асыру функциясы – тіршілік қарекетінің әлеуметтік және мәдени мәнді түрлерінде, олардың табыс жағдайында тұруы, тұлғалық өзін-өзі дамуында балалардың өзін-өзі анықтауы.

Келтірілген функциялар тізімі балаларға қосымша білім беру әрбір білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болуы керек екендігін көрсетті.

11.5. Педагогикалық қызметтің ерекшеліктері

11.5.1. *Педагог қызметінің сабақтастық-перспективалық сипаты.* Бұл педагог өткен тәжірибеге сүйене отыра, тұлға дамуын перспективаға, болашаққа жобалауын білдіреді. Педагог әрқашан алға қарайды: өзінің тәрбиеленушілерін не үшін, қандай өмірге дайындайды. Сондықтан, педагогке өткен тәжірибені кәсіби меңгеру, әсіресе заманауи өмірде жақсы бағытталуы керек және келешекте мүмкін болар болашақтың пішінін алдын-ала болжау, оқиғаларға алдын-ала таңдану қажет.

11.5.2. *Оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен ұйымдастырудың шоғарланып орнығуы.* Демек, бұл аталған бір немесе басқа тұлға келбетінің қалыптасуы көптеген жылдар бойы пайда болған, кеңейген сайын, жаңа сипаттамамен толықтырылған сайын, бірдеңені өзгерген сайын, т.б. сол мағынаны көрсетуді тереңдету және анықтау. Сонымен, педагогтер мектепке дейінгі балаларда физикалық, адамгершілік, экологиялық мәдениет, тілдесу мәдениетін және т.б. қалыптастыра

бастайды. Бірақ бұл мәселелер, жаңа айналымда, толық және кең мағынада бастауыш сыныптағы, жасөспірім және жеткіншек жастағы балаларға қайтып келеді.

11.5.3. *Педагогикалық қызметтің объектісі* (тәрбиеленуші) – әрдайым дамиды және өзгереді динамиканың индивид (немесе топ). Ол өзінің тәрбиесін реттейтін қызмет қажеттілігі, мақсаты, себебі, қызығушылықтары мен құнды бағдарлары бар. Демек, педагогке оқу-тәрбие үдерісінің одақтасы, белсенді қатысушысы болу үшін өзінің жұмысын осы объектінің ерекшеліктерін “бейімдеуге” тура келеді. Мақсатта тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасында субъект-объектілік қатынастың орнына субъект- субъектілік әрекеттестік орнатылады.

11.5.4. *Педагогикалық қызметтің ұжымдық сипаты*. Мектепте және басқа да оқу-тәрбие ұйымдарында жалғыз мұғалім ғана емес, педагогикалық ұжымның бір мүшесі жұмыс істейді. Әсіресе бұл 8-10 мұғалімдер жұмыс істейтін жерлерде көп кездеседі. Сонымен қатар, мұғалімдерден басқа тәрбиешілер де бар. Олардың кез-келгені тек жетістікке жетелер ортақ мақсат болғанда ғана жақсы көрсеткіштерге ие бола алады. Педагогикалық мамандықтың бұл ерекшелігіне А.С.Макаренко ерекше көңіл бөлді. Оның пайымдауынша, педагогтар ұжымында әрбір мұғалім, тәрбиеші қайталанбас тұлға бола тұра, өзіндік ерекшелігімен ұжымға еңбек сіңіріп, өзі де сусындап шығады. Құрамында түрлі мұғалімдер бар ұжым мықты және жақсы болады: жастар мен қарттар, жаңадан келгендер мен тәжірибелі мамандар, түрлі өнерсүйерлер. Жұмыста қиындықтар туындаған жағдайда, мұғалімге ұжым көмектесетін болады. Педагог қызметінің ұжымдық сипатының мәні де ерекшелігі де осы болып табылады.

11.5.5. *Педагогтың мақсатты және ұйымдасқан кәсіби қызметі* табиғи және әлеуметтік ортада өтеді. Ол күшті, кейде ұйымдастырылмаған, басқарылмайтын фактор болып табылып, тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер етеді. Жас адамға педагогтан өзге бұқаралық ақпарат құралдары да әсер етеді (БАҚ). Тұлғаның дамуына бірнеше кедергілер әсер еткен жағдайда, педагогқа теріс пікірлерге қарсы «бақталастық күрес» жүргізуге және қолайлы ортада жақтастарын іздеуге тура келеді.

11.5.6. *Педагогикалық қызметтің шығармашылық сипаты*. Оқу-тәрбие жағдайын сараптап, бағалай отырып, педагог үнемі белгіленген операцияларды, әдістер мен іс-қимылдарды түзетіп отырады, мақсатқа жету жолдарының жаңа, тиімді түрлерін іздестіреді. Педагог жұмыс бабында тек өз тәжірибесімен шектелмейді. Ол үнемі жаңалықтар іздеумен және әдіс-тәсілдер қорын толықтырумен болады.

11.5.7. *Педагогтың кәсіби қызметі нәтижесінің уақыт қашықтығы* кейде маңызды. Мысалы, көкөнісші, егіншіні алайық.

Егістің мөлшерін олар тек күзде ғана біле алады, яғни 4-5 ай өткен соң. Аспаз өз жұмысының нәтижесін бір немесе бірнеше сағаттан кейін біле алады. Ал педагогта бәрі өзгеше. Оның шәкіртінің қандай болғаны туралы тек ол өскен соң ғана білуге болады, яғни 12-15 жыл өткен соң. Бірнеше жыл өткен соң ғана шәкірті мұғалімінің үмітін ақтаған-ақтамағанын біле алады. Бұл ерекшеліктің өзіндік пайдалы тұстары да бар: бұрынғы оқушылар ұстаздарының жақсы естеліктерін есте сақтап жүреді. Картоп өсіруші оның өмірі тек бақшада өтеді деп айта алмайды. Осы орайда бірнеше мың жылдар бұрын айтылған ойларға жүгіну керек тәрізді. Бұл жөнінде өз еңбектерінде психолог А.В. Петровский және В.А.Петровский былай дейді: «адамдар өз қасиеттерін басқа адамға сіңіруге тырысады. Көбіне мұғалімдер мұндай мақсатты көздемейді. Алайда бұл мұғалімнің еркінен тыс болатын құбылыс». Ал жаңа үйленгендердің тойларына ұстаздарын шақыратындары; жас ананың сүйікті ұстазына өзінің алғаш рет ана болғандығын айтуға асығуы таңғаларлық жайт емес. Ал туған үйінен шалғайда білім алатын бірінші курс студенті алғашқы демалысында бұрынғы сынып жетекшісіне, ұстазына университеттегі жетістіктерімен бөлісуге асығады. Мұндай мысалдардың бірталайын келтіруге болады. Барлық жағдайда А.В. және В.А.Петровскийлер көрсеткен феномен еріксіз, алдын-ала жоспарлаусыз орын алатын құбылыс: мұғалім өз оқушыларынан жалғасын табады.

11.5.8. *Мұғалім қателікке бой алдырмауы тиіс* — оның қолында адамның тағдыры тұр. Мысалы үшін, мұғалім жұмысы ешбір дайындықсыз, бірден ақ парақ бетіне жазылғандай орындалады (мысалы, театрландырылған көріністермен салыстырғанда). Өйткені тәрбиеленушілер дегеніміз — болашақпен емес, қазіргі өмірмен өмір сүретін қайталанбас тұлғалар. Әрине, ешбір салада ешқандай қателік болмаса, күшті болар еді. Өкінішке орай, олай болуы мүмкін емес. Алайда көп жағдайда қателікті түзетуге болады. Ал педагогикалық қызметте баланың бір нәрсеге деген икемін, бабын байқамау мүмкін емес (музыкаға, сурет салуға және т.с.с.) Жарып шықпаған дарын — мұғалімнің қатесі. Баланы ешбір дәлелсіз не негізсіз қандай да бір жаман іске барды деп күмәндануға болмайды: әйтпесе ол тұйық, кекшіл, ешкімге әсіресе мұғалімге сенбейтін адам болып өседі. Балалармен жұмыс барысында орын алған мұғалімнің қателігі балаға есейген шақта кесірін тигізуі мүмкін. Бұл жағдайда бар күнә мұғалімнің мойнында болмақ.

11.5.9. *Адамгершілік - педагог мамандығының ерекшелігі*: әр баланы жақсылыққа жетелеу, тұлғаға деген құрмет, адамдарға деген махаббат, қандай да бір қиындық кезінде айналасындағыларға көмек қолын созуға деген ынта.

11.5.10. *Үздіксіз білім беру.* Кәсіби ұстаз өзгелерге білім берумен қатар, өзі де үздіксіз ізденіс үстінде болып, шеберлігін шыңдай түседі. Егер де ол өз білімін толықтырып отырмаса, уақыт келе өзгелерге берері болмай қалады. Сондықтан үздіксіз білім беру педагогикалық қызметке тән ерекшелік болып табылады.

Осының бәрі педагогикалық қызметке тән ерекшеліктер. Аталмыш ерекшеліктер кейбір өзге мамандық иелеріне де тән болып келеді.

Тәжірибелер көрсеткендей адам тек базалық білімін ғана қанағат тұтпау керек: формалды базалық білім көбіне қосымша формалды емес білімді қажет етеді. Ол адам қабілеттерін, мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын, оның әлеуметтік және кәсіби орнын анықтайтын бірден-бір фактор болып табылады.

Расында да, мектеп – жалпы білім беру ошағы. Бұл өте маңызды. Алайда тұлғаның жан-жақты дамуына, қабілеттерін ашуға, болашақта мамандық таңдауға қосымша білім беру, яғни педагог көмектеседі. Мектепте барлық бала мемлекеттік стандартқа сай бірдей білім алады. Ал стандартталмаған қосымша білім баланы жеке-дара, жан-жақты етіп өсіреді. Балалар өздерінің табиғаттарына жақынын таңдап, қызығушылықтарын қанағаттандырады. Міне, бұл – қосымша білім берудің мәні болып табылады: ол ерте дамуға, балалық шақты толыққанды өткізуге, өзін-өзі көрсетуге, әлеуметтік маңызы бар сұрақтардың шешімін табуға көмектеседі. Қосымша білім алған балалар әдетте есейген шағында дұрыс таңдау жасауға мүмкіндіктері зор. Балаларға қосымша білім берудің маңыздылығы оның жалпы білім берудің вариативті бөлігін күшейтіп, мектепте алған білімді тәжірибе жүзінде пайдалана түсуінде. Ең бастысы – қосымша білім беру кезінде балалар өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін дамытып, бос уақыттарын тиімді жоспарлай алады.

Балаларға қосымша білім беру – бұл ізденісті білім беру және өмірде кездесетін түрлі жағдайлардан өзгеше шығу жолдарын көрсету (сондай-ақ белгісіз жағдайлардан да), тұлғаға өз тағдырын таңдау мүмкіндігін беру, өзін-өзі дамытуға итермелеу. А.С.Макаренко айтқандай, баланың өмір сүру салтын, оның барлық өмірін біліммен толтыру қажет. Қосымша білім беру толыққанды жұмыс істеу үшін бүкіл педагогикалық жүйенің нақты әрі тиянақты қызметі қажет. Сондықтан бұл ретте мұғалімдердің бір-бірінің проблемаларын білуі және түсінуі өте маңызды. Олардың бір-біріне деген көмектері мен бірлесе істеген әрекеттері мектеп, қала, өңір, мемлекет деңгейінде толыққанды білім берудің негізі бола алады.

12. Педагогтың ерекше кәсіби қасиеттері мен оларды дамыту жолдары

Кез-келген білім беру ұйымында педагогикалық қызметті жақсарту проблемасы бар екені анық. Оның бір шешімі - педагогтың ерекше кәсіби қасиеттерін күшейту болып табылады (И.А.Зимняя, Н.И.Лифинцева, А.К.Маркова, Л.М.Митина, В.А.Сластенин).

Жеке дамусыз кәсіби даму, және керісінше, кәсіби дамусыз жеке даму жоқ. Бұл процесс кәсіби өмірде кәсіби тиімді стратегияның пайда болуына әкеледі.

Тұлғаның, сонымен қатар педагогтың кәсіби дамуының түрлі аспектілері әдебиеттерде кеңінен берілген (А.А.Деркач, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Л.М.Митина, А.А.Реан және т.б.). Педагогтың кәсіби қызметінің түрлі аспектілері сарапталады. Оның бірі — педагогикалық қызметке дайындық. Ол белсенді жағдай, жетістіктердің жеке тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырылады.

Заманауи зерттеушілер кез-келген кәсіби қызметте дайындықтың үш түрі бар дейді. Олар: физиологиялық, кәсіби және жеке компоненттер.

Физиологиялық компонент деп қызметтегі жүктемелерге төтеп беру мүмкіндігін атайды. Ал кәсіби компонент адам тек арнайы білімі, қабілеті мен тәжірибесі болған жағдайда ғана әрекет ете алатынын көрсетеді. Оларды тек кәсіби дайындық барысында үйренуге болады. Жеке компонент бағыт-бағдар беріп, өзінің және кәсіби қызметінің дайындығын көрсетеді.

А.К.Маркова (1993) дайындықтың үш түрін атап көрсеткен - когнитивтік, жеке және қызметтік. Көптеген уақыт бойы когнитивтік дайындық негізгі дайындық болып саналған. Сол себепті педагогикалық жоғарғы білім беру орындарындағы оқу процесі білім алуға бағытталған.

Педагогикалық қызметке дайындық заманауи әдебиеттерде көбіне интегралды модель түрінде беріледі.

Дайындық құрылымы мотивациялық (жауапкершілік), бағытталған (тұлға қызметінің талаптарын білу), операциялық (қызметтің әдістері мен тәсілдерін игеру), еріктік (өзін-өзі бақылау мүмкіндігі) және бағалау сияқты бөліктерден тұрады.

Педагогтың тұлғалық және жеке қасиеттерін қарастырайық. Олар бұл қызметке жүктелген талаптың екі деңгейіне бірдей сай болуы тиіс. Бірінші деңгей талаптары педагогқа мамандық иесі ретінде жүктеледі. Олар әлеуметтік жағдайларға, қоғамдық формацияларға, оқу орнына, сабаққа қатысы жоқ. Бұл талаптарға кез-келген нағыз педагог жауап беруі тиіс.

Зерттеушілер өзін-өзі баламалы бағалау және талаптану деңгейі, педагогтың интеллектуалды белсенділігін арттыратын белгілі бір мазасыздық оптимумы, мақсатқа талпынушылық, қайсарлық, еңбекқорлық, қарапайымдылық, зейінділік, түйісу сияқты қасиеттер міндетті түрде болуы керек деп санайды. Ерекше атап көрсететін қасиет тапқырлық, және шешендік қабілеттер, әртістік табиғат. Сондай-ақ мұғалімнің оқушының психикалық жағдайын түсіне білуі, яғни эмпатия өте маңызды қасиет болып табылады. Зерттеушілер «педагогикалық әдепке» көп мән береді. Ол педагогтың жалпы мәдени деңгейі мен педагогикалық қызмет пен бағытта жоғарғы кәсіби шеберлігін көрсетеді.

Әрбір мұғалімнің жетістікке жетуі үшін өзіне тән педагогикалық қабілеттері болуы тиіс. Әдетте педагогикалық қабілеттерді төменде көрсетілген қабілеттер құрылымына да қосады: өз білімін өзгеге беру қабілеті жоқ ғалымдар да бар. Олар өзі жақсы түсінетін нәрсені өзгеге жеткізе алмайды. Студенттерге лекция оқитын профессор мен ғалымдарға жүктелген педагогикалық қабілеттер әртүрлі.

Ф.Н.Гоноболин педагогикалық қабілеттерді құрайтын тұлғаның мынадай қасиеттерін ұсынады:

- оқу материалын түсінікті ете білу;
- жұмыстағы шығармашылық;
- қатысушыларға әсер ету;
- қатысушылар ұжымын ұйымдастыра білу;
- балаларға деген қызығушылық пен махаббат;
- сөзінің мағыналы, анық, өтімді болуы;
- педагогикалық әдеп;
- оқу пәнін шынайы өмірмен байланыстыра білу;
- қырағылық;
- педагогикалық талап.

Екінші деңгей талаптары оқу пәнінен тыс озат педагогқа қойылады. Бұл оның педагогикалық қызметке деген дайындығын көрсетеді. Дайындық дегеніміз кең және кәсіби жүйелі біліктілігі, берік сенімділігі, тұлғаның әлеуметтік-маңызды бағыты, сонымен қатар коммуникативтік және дидактикалық қажеттіліктердің болуы, қатынасу қажеттілігі, тәжірибе ұсыну.

Таңдаған мамандыққа деген берік ниет, өзін-өзі көрсетіп, білімін, қабілетін пайдалана білу тұлғаның кәсіби бағытындағы қалыптасуын көрсетеді. Бұл – күрделі, интегративті қасиет.

Әлеуметтік кәсіби бағдарлар, кәсіби педагогикалық қызығушылықтар, кәсіби қызметтің сарыны мен өзін-өзі дамыту, тұлғаның кәсіби орны кәсіби педагогикалық бағыттың құрамдас бөлігі болып табылады. Оларда кәсіби педагогикалық қызметке деген

көзқарас, қызығушылықтар мен икемдер, өзінің дайындығын жетілдіруге деген ынтасы көрсетіледі.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жетістіктер көптеген факторлармен байланысты. Олардың әрқайсысы маңызды болып табылады. Ал олардың орындалмауы сәтсіздікке алып келері сөзсіз. Бұл – оқыту мен тәрбиелеу әдістері, балалардың жас ерекшеліктері, олардың даму деңгейі мен тағы басқалары. Аталған жайттардан бөлек педагогтың өзі бала дамуының негізгі факторы болып табылады. Ол өзіне мұғалімнің де, тәрбиешінің де міндетін алады.

Қазіргі өркениетті заманда педагог айрықша назарды қажет етеді. Толыққанды кәсіби дайындықсыз педагог қызметіне келген адамнан бірінші кезекте балалар зардап шегеді. Ал мұндай олқылықтар орны толмас кемшілікке әкеп соғады. Сондықтан қоғам мұғалімдер мен тәрбиешілерге тиісті жағдай жасап, олардың арасында саналы және моральді түрде балалармен жұмыс істеуге әзір жандардың болғанын қадағалауы қажет.

Педагогтың тұлға ретіндегі дамуындағы шығармашылық ролін алсақ, қажетті құралдарды пайдаланып, жаңа мақсаттар қоя отырып, өнімді қызмет немесе шығармашылыққа қол жеткізу біз үшін маңыздырақ болып табылады.

Педагогқа маңызды талаптар қойылады. Оның ішіндегі ең бастыларын атап көрсетуге болады. Оларсыз жоғары тәжірибелі мұғалім, тәрбиеші болу мүмкін емес. Екінші деңгейдегі талаптарға сәйкес болу мұғалімге міндеттелмейді. Алайда ол жақсы білім мен тәрбие бере алатын тұлға болып қала береді. Бірінші және екінші деңгейдегі талаптар баланы оқыту мен тәрбиелеуге қажет педагогтың қызметі мен қарым-қатынасының, оның қабілеттерінің, білімінің, тәжірибесінің психологиясына жатады. Тәжірибелі педагогқа қажетті Бірінші және екінші деңгейдегі психологиялық талаптар арасында барлық заман мұғалімі мен тәрбиешіге тән тұрақты және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерге байланысты айнымалы түрлері бар.

Педагогқа деген ең басты әрі тұрақты талап – балаларға, педагогикалық қызметке деген махаббат, балаларды оқытатын саланы жақсы білуі, зерделік, педагогикалық түйсік, жоғары дамыған ой-өріс, жалпы мәдениетінің және адамгершілігінің жоғары деңгейі, балаларды оқыту мен тәрбиелеуде түрлі кәсіби әдістерді пайдалана білу. Осы факторлардың бірі болмаса, педагогикалық жұмыстың жетістікке жетуі неғайбыл.

Бұл туа біткен қасиеттер емес. Олар жүйелі түрде қажырлы еңбекпен, педагогтың өз-өзімен жұмысы барысында келеді. Мұғалімдер мен тәрбиешілер өте көп. Алайда дарынды, өз ісінің нағыз

майталмандары аз. Басқа салалармен салыстырғанда мұндай бірегей адамдар педагог мамандығы арасында тіпті аз болар.

Педагогқа қойылатын қосымша әрі тұрақты талаптар - көпшілдік, әртістік өнер, жақсы мінез, жақсы талғам және тағы басқалары. Бұл қасиеттер де маңызды, алайда жоғарыда көрсетілген басты талаптар одан да маңыздырақ. Бұл қасиеттерсіз мұғалім не тәрбиеші қызметін жүргізе бере алады. Мысалы, көпшіл емес математикті алайық. Оның білімі мен ұстаздық қабілеттері керемет дамығандықтан, бұл кемшілік оның жақсы ұстаз болып қалуына кедергі етпейді. Сол сияқты көпшіл, көңілді, талғамы жақсы адамның педагогикалық қабілеті болмауы мүмкін. Мұндай адамнан жақсы ұстаз немесе тәрбиеші шығуы неғайбыл.

Басты және қосымша педагогикалық қасиеттер бірігіп, педагогтың даралығын құрайды. Соның арқасында әрбір білікті ұстаз бірегей және ерекше тұлға ретінде танылады.

Педагогтың басты және қосалқы қасиеттері қазіргі шақта, дәл жұмыс орнында талап етілетіндіктен, біраз қиындықтар тудырады. Қолданыстағы білім беру жүйесі көп жағдайда артта қалып қояды, бірақ оны жақсы бейнелейді. Қоғамда қалыптасып отырған жаңа жағдай білім беру мен тәрбиелеудің жаңа мақсаттарын жүктейді. Олар мұғалім мен тәрбиешіге қойылатын талаптарды анықтайды. Бұл талаптарды дер кезінде және нақты анықтау үшін мынаны істеу керек:

қоғамның саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуын дұрыс бағалау;

осы қоғамның үздіксіз дамуы үшін адамның қандай қасиеттерге ие болуы керектігін анықтау;

орта мектепті бітірген заманауи адамның қандай артықшылықтары болып, қандай кемшіліктерден арылуы керектігін анықтау;

қоғамға қажет тұлғаның қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін заманауи педагогтың қандай болуы керектігін анықтау.

Жариялықтың күшеюі қазіргі қажет мәселелер бойынша қоғамның барлық салаларын қамтитын түрлі ой-пікірлерге мүмкіндік беріп отыр.

Көрсетілген үдерістер өсіп келе жатқан жаңа ұрпақ өкілдерінде болу керек қасиеттерге қойылатын талаптарды күшейтіп отыр. Ол қандай қасиеттер?

Ең алдымен демократияның дамуы кезінде өмір сүруге дағдылану, құқықтық және демократиялық негізде адамдармен қарым-қатынас орната алу. Бір жағынан бұл түрлі пікірлердің болатынын білу, түсіну, пікірталастар жүргізу және туындаған түсініспеушіліктерді жоғары мәдениетті деңгейде шешу; ал екінші жағынан – тұлғаға қысым

көрсетуден бас тарту, оған құрмет көрсету, оның артықшылықтары мен маңыздылығын қабылдау. Сонымен қатар бұл қоғамның мүддесін белгілі бір тұлғаның мүддесінен жоғары қоятын принциптен бас тарту.

Бір жақтың билікті беруі немесе билікті жоғалтқан кезде екінші жақтың оны пайдалана білуі. Бұл ұйымдастыру, адамдарды басқару және шешім қабылдау қабілеттерінің болуын талап етеді. Бұл ретте кәсіби шеберлік пен көшбасшы қасиеттерінің болғаны абзал.

Экономикалық байланыс жүйесін өзгерту есепқорлықты, іскерлікті, ұқыптылықты, шаруашылыққа бейімділікті, жігерлілікті және тағы да басқа жеке қасиеттердің болуын талап етеді. Аз уақыт бұрын бұл қасиеттер көптеген балалар тәрбиесінде аса қажет деп танылмады.

Жариялық адамнан өз ойын ауызша не жазбаша түрде анық жеткізуді, өзгені көндіруді, дәлелдеуді, өзі сөйлеп және басқаны мұқият тыңдауды талап етеді. Жуыр арада мектеп бітіретін жастар осы қасиеттерді игерулері қажет. Егер де біз қоғамда орын алған сол оңтайлы өзгерістерді толықтай бекіткіміз келсе, қазірден бастап балаларды оқыту және тәрбиелеу жүйелерін өзгертуді қолға алу керек. Оқушының заман талабына сай тұлға болып қалыптасуы үшін педагогтың өзі білімді, білгір, белсенді, тәуелсіз болып, жүйелі түрде басқа да қасиеттерді бойында дамыта білуі керек.

Психологиялық педагогикалық әдебиетті сараптау негізіне сүйене отырып, өлшемдер анықталған. Педагогикалық қызметтің мақсаттарын анықтау педагогтың шығармашылық дамуының алғашқы өлшемі болып табылады. Егер талаптар білім алушылардың мүмкіндіктеріне сай болса, онда мақсат педагогикалық процестің даму көзі болып табылады. Және керісінше, егер де талаптар тым қиын немесе жеңіл болса, яғни білім алушылардың мүмкіндіктеріне сай болмаса, ол процестің оңтайлы болмауына әкеп соғады. Бұл өлшемнің негізгі көрсеткіштері ретінде біз педагогтың бірнеше қабілеттерін ұсынып отырмыз: мақсаттың жұмыс нәтижесімен байланысы; мақсатты анықтау, оны орындау жолын қадағалау және бағалау; жоспар қою кезінде бірізділікті сақтау.

Балалардың қосымша білім алуын ұйымдастыру – бұл ерекше ұйымдастыру. Бұл балаларды оқытатын ғана емес, түрлі қарым-қатынастар орын алатын жер. Педагогикалық қатынасу стилін түсіну оны балаларға қосымша білім беретін педагогтың шығармашылық деңгейінің екінші даму деңгейі деп бөлуге мүмкіндік берді. Біз үшін педагогтың қабілеттері осы өлшемнің негізгі көрсеткіштері болды: қатынастың ұйымдастыру сипаты мен демократиялық қатынас стилін құру; білім алушының эмоциялы қалпын түсіну.

Жаңашылдықтың маңыздылығын түсіну бізге балаларға қосымша білім беретін педагогтардың шығармашылық қабілетін дамытудың үшінші өлшемін құрастыруға мүмкіндік берді – педагогикалық қызметтің инновациялық сипаты. Педагогтың қабілеттері осы өлшемнің негізгі көрсеткіші болып табылады: оқу процесінде инновациялық сабақ түрлерін қолдану; өз пәнін белсенді түрде көрсете білу; білім алушылардың ішкі өзін-өзі дамыту уәждемесі.

Педагогтың өзін-өзі кәсіби тәрбиелеуі және қалыптасуындағы оның рөлі. К.Д.Ушинскийдің: «Педагог білім алған шаққа дейін өмір сүреді» деген сөзі қазіргі кезде ерекше мәнге ие. Сонымен қатар, педагогтың үнемі өзін-өзі дамытуы керектігі де жиі айтылады. Өмірдің өзі педагогтың үздіксіз білім алуын күн тәртібіндегі басты мәселе етіп қойды. А.Дистервег мұғалім жайлы: «негізінде мұғалім тек өзін-өзі тәрбиелеу мен білім алуды тоқтатпаған жағдайда ғана өзгені оқытып, тәрбиелей алады», - деп жазған.

Алайда шынайы өмірде көп уақыт алатын өзге де көптеген міндеттері бар педагог күнделікті атқарылатын іспен ғана шектеліп қалады. Бұл ретте мұғалімнің өз мамандығына деген көзқарасы оның басқа да қырларына деген көзқарасты көрсетеді.

Мамандықты және өзін бағалау мәселелер туындауына байланысты фрагменттік, ситуациялық сипатта болады (тәртіп орнату, ұжымды ұйымдастыру, мектеп әкімшілігімен қарым-қатынасты анықтау және т.б.).

Мұндай жағдай ерте ме, кеш пе кәсіби болмыстың педагогикалық қызмет қисынымен үйлесімсіздікке әкеледі. Ал бұл педагогты өзін сын көзбен бағалауға, жоғары деңгейге көтерілуге итермелейді. Кәсіби қызметтік аталмыш тәсілі рефлексия немесе С.Л.Рубинштейн айтқандай, мамандығына деген жалпы толық қатынасты құрайтын дүниетанымдық сезім туындауымен байланысты.

Өздігінен даму кезіндегі тәжірибе өзін тәрбиелеу алғышартынан тұрады. Ол маман ретінде өз-өзіне байланысты саналы жұмысты білдіреді: жеке қайталанбас ерекшеліктерді педагогикалық қызмет талаптарына бейімдеу, үнемі кәсіби біліктілікті арттырып отыру және тұлғаның әлеуметтік-адамгершілік қасиеттерін үздіксіз дамыту.

Кәсіби өзіндік даму басқа да қызмет түрлері сияқты айтарлықтай күрделі сарын жүйесінен және белсенділік көзінен тұрады. Әдетте педагогтың өздігінен тәрбиелеудің қозғалыс күші мен қайнар көзі деп өздігінен өзгеру мен жетілуді атайды. Алайда ол қоғамның педагогқа қояр талаптары арасындағы қайшылықты шешу үшін автоматты түрде пайда болмайды. Белсенділіктің сыртқы көздері (қоғамның талаптары мен үміттері) өз-өзімен жұмыс істеуге ынталандырады немесе мұғалімнің бұл қайшылықтарды жою жолында түрлі айла-тәсілдерге

баруына итермелейді. Психологияда мұндай қайшылықтарды шешудің көптеген компенсаторлы механизмдері бар: рационалдау, инверсия, проекция, «шындықтан қашу» және т.б.

Кәсіби өзіндік тәрбиелеу мен педагог қызметінің негізінде мақсат пен сарын қайшылығы жатыр.

Сарынның мақсатқа ауысуы – өзіндік тәрбиелеудің қажеттігін көрсетеді. Мұндай өзіндік тәрбиелеу болашақта жеке белсенділік көзімен байланысып отырады (сенімдермен, жауапкершілікпен, кәсіби ар-ожданмен, намыспен және т.б.). Осының барлығы өзіндік жетілу жолындағы әрекеттер жүйесін құрайды. Ал олардың сипаты көбіне кәсіби мұраттың болуымен айқындалады. Педагогикалық қызмет педагогтың көзімен жеке бас, саналы құндылық болып саналған жағдайда, өзіндік жетілдіруге деген қажеттілік туындайды да өзіндік тәрбиелеу процесі басталады.

Өзіндік тәрбиелеу процесін ынталандыратын сыртқы факторларға педагогикалық ұжым, басқару стилі және бос уақыт факторы жатады.

Жаңа еңбек жолын бастаған педагог өзара талап қойылған ұжымға келген жағдайда, принципшілдік, конструктивтік сын және өзара сын болғанда, әріптестер өзара шығармашылық ізденіске қуана білген жағдайда, бастаушы педагогтердің кәсіби өсуіне қызығушылық танытқанда, кәсіби талаптарға сай болуға тырысады. Керісінше, педагогтер арасында ұжымдық бастама болмаса, өзін-өзі тәрбиелеуге сенбеушілік танытқан жағдайда өзін-өзі жетілдіруге қажеттілікті жоққа шығарады.

Егер мектеп басшылығы педагогтердің жетістігіне әкелетін жағдай жасамаса, педагогтердің өз күштеріне сенетін талап қоймаса, мұндай мектепте педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеуде қажеттілік туындамайды.

Педагогке көркем әдебиетті, басылымдарды оқуға, мұражай, театрларға баруға, теледидар қарауға, әлеуметтік, психология-педагогикалық әдебиеттерді оқуға уақыт жетпейді.

Өзін-өзі кәсіби тұрғыдан тәрбиелеу жеке үдеріс. Алайда өзін өзі тану, өзін өзі бағдарлау, өзіне өзі әсер ету өзара байланыстағы кезеңдер.

Педагогке өзін өзі тану үшін психология курстары көмектеседі. Жалпы өзіндік бағалауды анықтау үшін, дәстүрлі әдістемеді нақты тұлғаға қатысты тиісті формуланы пайдаланып, коэффициентін анықтайды. Өзін өзі бағалаудың кәсіби сапасы сол әдістеме бойынша кәсіби қабілеттерінің эталондық қатарын құру арқылы анықталады. Педагогикалық мамандыққа, педагогикалық қызмет саласының (оқыту немесе тәрбие жұмысы) бағыт-бағдар деңгейін анықтау үшін, жобалық әдістеменің «ұғымдылық сөздік» вербалдық тест түрін пайдаланған жөн.

Қарым-қатынасқа түсе білу жеке икемділіктен байқалады, сонымен қатар басқа факторларға байланысты болады, мысалы, адамды тыңдай білу, адаммен тілдесу, аудитория алдында сөйлей алу дағдылары.

Кәсіби өзін-өзі тану тұлғаның ерік дамуы, эмоциялық ортасы, темперамент және мінез ерекшеліктеріне, сонымен қатар (қабылдау, елестету, ойлау) танымдық үдерістерін анықтауды шамалайды. Тұлғаның өзін өзі бағдарламалап дамуы тұлғаның жетілдіру мүмкіндігі болуы мүмкін.

Өзін өзі тәрбиелеу бағдарламасы «өмір ережелері» жүйесінің алдында болып, әрі қарай біртіндеп тұлғаның қызметі мен жүріс-тұрыстың қағидаты болады. Мысалы, ешқашан және ешқайда кешікпеу; ешқашан және ешкімге «ия» немесе «жоқ» деп айтпау - жауаптың басқа формаларын іздеу керек; әрдайым көмек көрсете білу және т.с.с. Өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасымен қатар өз білімін арттыру жоспарын құруға болады, мысалы: ұзақ мерзімді жоспар мен қысқа мерзімді (күнге, аптаға, айға) жоспарды құруға болады.

Педагогтің жұмысы нәтижелі болу үшін әдеттен тыс жалпы және арнайы қабілеттер болу керек. Әрбір адам қызметінде жоғары нәтижелерді көрсете білетін қабілеттер жалпы қабілеттерге жатады, ал арнайы қабілеттерге педагогикалық қызметтің, баланың оқу мен тәрбие табысына әкелетін қабілеттері жатады. Біз жалпы қабілеттерге тоқталмаймыз, себебі олар тек педагогикалық қызметке байланысты емес. Арнайы қабілеттерді талдаймыз.

Оларға: оқу материалын өзіндік таңдай білу қабілеті, тиімді оқыту әдістемелері мен қолайлы құралдарды анықтай білу;

балалардың жеке қабілеттерін ескере отырып, білім, білік және дағдыларды тез және терең ұйымдастыру қабілеттілігі;

қысқа уақытта көлемді ақпаратты меңгеру, балалардың адамгершілік және зиятты дамуын қамтамасыз ететін қабілеттілік;

сабақты дұрыс құру, сабақтан сабаққа өз шеберлігін жетілдірете білу қабілеттілігі;

басқа педагогтермен өз тәжірибесін бөлісе білу, сонымен қатар олардың тәжірибелерін де үйрену;

өзін өзі оқыту қабілеттілігі, педагогикалық қызметте қажет ақпаратты қолдана білу;

балаларда керек уәждемені және оқу қызметінің құрылымын қалыптастыру қабілеттілігі.

Осы барлық арнайы үш қабілет өзара байланыстағы білім, білік, дағдыларды қалыптастыратын оқыту, оқу, үйрету жақтарына қатысты.

Нақты онтогенезде қалай, қашан пайда болғанын және қандай заңдар бойынша дамитыны туралы айту қиын. Олардың ішінде

кейбіреулері туа біткен, бірақ осы күнге дейін ғылым жолымен дәлелделмеген. Барлық қабілеттер сияқты педагогикалық қабілеттер тәрбиеленеді және оларды балалардың бойында қалыптастыруға болады.

Педагогтің, тәрбиешінің қабілеттерін қалыптастыру және дамыту туралы айта кетсек, жақсы тәрбиеші болу, жақсы мұғалімнен гөрі әлде қайта қиын. Егер мұғалімдермен салыстырсақ, тәрбиешінің бойында табиғаттан берілген қабілеттер көбірек деп есептеледі.

Педагогтер арасында жақсы мұғалім болып, сонымен қатар нашар тәрбиеші болып табылатын адамдар аз емес. Балаларға жақсы тәрбие беріп, бірақ мұғалім бола алмайтын адамдар кездеседі. Бұл жағдайда адамдар жақсы педагог бола алмайды деген емес, тек олардың педагогикалық шеберлігі ұстаздық немесе тәрбиешілік болуы мүмкін. Арнайы педагогикалық қабілеттердің арасында нақты мұғалімнің немесе тәрбиешінің қабілетіне жатпайтын қабілеттер кездеседі, ол қабілет олардың екеуіне қажет. Бұл педагогикалық қарым-қатынас қабілеті, психолог ғалым В.А.Кан-Калик осы қабілетті зерттеумен айналысқан, ол педагогикалық еңбектің 200 компоненті бар екенін жазған. Оның қиын жағы қарым-қатынас болып табылады, себебі ең бастысы педагогикалық қызметте ол арқылы бала тұлғасына мұғалім тұлғасы әсер етеді. Педагогтің басты қасиеті, білім алушылармен ұзақ және тиімді байланыс жасауды ұйымдастыру болып табылады. Бұл педагогтің коммуникативтік қабілетіне байланысты деп жатады. Тұлғааралық қатынастағы педагог тұлғасына ең басты талап – кәсіби педагогикалық қарым-қатынас жасай білуі.

12.1. Қосымша білім беру педагогының профессиограммасы

Шебер педагог, өзінің ерекшеліктерін біле тұра, оларды педагогикалық мақсаттарды шешуге бағыттайды.

«Педагогикада сиқыр жоқ» деген А.С.Макаренко. Бірақ оқу, тәрбие үдерісінде бір мұғалім жетістікке жетеді, ал басқа мұғалім жетпейді дегенді қалай түсіндіреміз екен?

Тәрбие қызметінің шеберлігін мұғалім педагогикалық техниканы қаншалықты меңгергеніне байланысты, мысалы, дауыс ырғағымен, мимика арқылы жанжалды тоқтата білу.

Білім беруді жетілдіру, оның сапасын арттыру проблемасы бұрыннан бар. Оны шешу жолдарының басты шарты жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп мұғалімдерінің профессиограммасын құру, педагогикалық қызметтегі негізгі функцияларын, сонымен қатар мұғалімнің жеке қасиеттері мен білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптарды реттейтін құжаттарды жасау болып табылады.

Профессиограмма - бұл мұғалімнің, оқытушының, сынып жетекшісінің, педагогтың идеал моделі. Тұлғаның негізгі қабілеттерін көрсететін, сондай-ақ білім, білік, дағдылары бар мұғалімнің үлгісі. Мұғалімнің профессиограммасы – бұл мұғалімнің қабілеттері, білімі, ептілігі мен дағдылары, психофизиологиялық мүмкіндіктері, дайындық деңгейі жалпы толық біліктілік мінездемесі көрсетілген құжат.

Педагогикалық функциялар мен әдістемелік икемділіктің сипаттамасы.

Әр мұғалімнің кәсіби қызметіне жататын функциялар:

- дамытушылық;
- тәрбиелік;
- коммуникативтік;
- гностикалық;
- конструктивті жоспарлаушылық;
- ұйымдастырушылық.

Сондай-ақ, жалпы білім беретін мектептерде және қосымша білім беру ұйымдарында мәдениетке оқытудың негізгі мақсаты білім алушыларды нақты дағдыларға меңгерту болса, басқа функциялардың ішінде мазмұнын айқындайтын, негіз болатын қосымша білім беру педагогының педагогикалық қызметіндегі коммуникативтік-оқытушылық функциясы болып табылады.

Педагогикалық функцияларды табысты орындау жалпы педагогикалық және әдістемелік дағдылар жүйесін, керекті білімнің көлемін меңгеруді болжайды.

Профессиограммада өз бетінше білім алуда, жеке педагогикалық тәжірибесін жетілдіру үдерісінде педагогикалық шеберліктің негізін құрайтын басты икемділіктер көрсетілген. Ең маңыздысы өз педагогикалық шеберлігін білімін толықтыру арқылы және жұмысында қолдану арқылы көтеру қажет.

Атап кеткен функцияларды мұғалімнің педагогикалық қызметінде екі топқа: мақсатты тұжырымдалған және операциялық құрылымдық функция топтарына бөлуге болады.

Мақсатты тұжырымдалған функциялар.

Мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі функциялық құрылымымен айналысатын зерттеушілер басты рөл ақпараттық бағдарлық, уәждемелік-ынталандыру және бақылау-түзету компоненттерінен тұратын коммуникативтік оқыту функциясы деп көрсетеді.

Коммуникативтік оқыту функциясының ақпараттық бағдарлық компоненті келесі икемділіктерді қамтиды:

- оқушыларды отандық және басқа елдердегі мәдениет арасындағы байланысты, әлеуметтік мәдени жүріс-тұрыстарында ұлттық ерекшеліктерді көрсетуге бағдарлайды;

- оқушыларды әр елдің мәдениетіндегі ұқсастық пен ерекшеліктері туралы хабардар ету.

Коммуникативтік функцияның уәждемелік ынталандыру компоненті білім алушыларда мәдениаралық коммуникацияның жанама және тікелей жағдайларындағы қатынас құралы ретінде мәдениетті пайдалануға ішкі қажеттілік тудырады:

- мәдениетті зерттеу процесінде аутенттік материалдарды (мәтіндер, өлеңдер, бейнематериалдар және т.б.) пайдалану арқылы;

- әлемдік мәдениеттің ерекшеліктерін тиімді меңгеру үшін белсенді оқыту формаларын (проблемалық тапсырмалар, әлеуметтік мәдени бағыттағы рөлдік ойындар) пайдалану арқылы;

бақылау-түзету компоненті келесі әдістемелік дағдыларға негізделеді:

- мәдениаралық қатынас құралы ретінде жаңа техниканы меңгеруде бақылаудың мақсатын, формасын, түрлерін ажырату;

- білім алушылардың білім, білік, дағдыларын күнделікті анықтау мақсатында үйрететін және қорытынды бақылауды жоспарлау, оны іске асыру;

- білім алушылардың оқу коммуникативтік қызметін әділ және уәждемелік бағалау.

Дамыту функциясы педагогтің икемділігін білім алушыларды интеллектуалдық, сенсорлық, эмоциялық дамыту мен қалыптастыру керектігін, олардың мүмкіндіктері бойынша танымдық қабілеттерін, қосымша білім берудегі оқыту үдерісі мен мазмұнының ерекшеліктері мен жолдарын көрсете білуді, білім алушылардың өздігінен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруды талап етеді. Педагог бұл функцияны коммуникативтік оқыту, коммуникативтік тәрбие функцияларын біріктіру арқылы іске асырады.

Тәрбие функциясы білім алушылардың адамгершілік, этикалық, патриоттық тәрбиесін қосымша білім беруде қалыптастырады.

Дамыту және тәрбиелеу функциялары келесі дағдылар арқылы іске асады:

- оқу үдерісінде білім алушылардың интеллектуалдық қабілеттерін, дүниетанымын кеңейтуде, жадыны, елестетуді дамытуда, олардың талдау ептілігін қалыптастыруда аутенттік материалдарды қолдану;

- білім алушылардың өз бетімен сөздіктерді, бұқаралық ақпарат құралдарын, интернетті қолдану арқылы білім алу икемділігін қалыптастыру;

- білім алушыларды сыйластық рухта, мәдениетті таратушы ретінде халықты құрметтеуін, мәдени құндылықтарын тәрбиелеу;
- білім алушыларды өз елінің мәдени құндылықтарын, ұлттық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Операциялық құрылымдық функциялар

Мұғалім қызметіндегі педагогикалық мақсаттарды шешу кезеңдеріне байланысты операциялық құрылымды гностикалық, конструктивті жоспарлау және ұйымдастыру функцияларына бөлуге болады.

Гностикалық функция оқыту мақсаттарын терең түсінуге, әртүрлі қызметтің ерекшеліктерін білуге, білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне негізделеді.

Гностикалық функция келесі икемділіктер арқылы жүзеге асырылады:

- оқу үдерісінде қолданатын оқыту құралдарын, оқу материалын талдау;
- оқушылардың қызметіндегі мәдени интерференцияны алдын-ала білу;
- көпшілік арасындағы ерекшеліктерді салыстыру негізінде шындықтың ең қиын фактілерін, оқиғаларын анықтау.

Конструктивті жоспарлау функциясы сабақтар жүйесіндегі оқу материалын және әртүрлі сабақтарды жоспарлау мен құрастыруды, әрбір сыныптағы оқыту жағдайларын ескере отырып, мұғалімнің коммуникативтік оқыту қызметі мен оқушылардың оқу-коммуникативтік қызметін құрастыруды болжайды.

Конструктивті жоспарлау функциядағы әдістемелік нұсқаулықтар:

- оқушылардың қызығушылығы мен жас ерекшеліктерін ескере отырып, аутенттік материалдарды әдістемелік өңдеуден өткізіп, іріктеу және оларды оқыту кезеңдеріне бөлу;
- оқушыларға материалды таныстырудағы ең тиімді әдістер мен тәсілдерді таңдау;
- көрнекіліктің әр түрлі құралдарын дайындау, іріктеу, пайдалану.

Ұйымдастыру функциясы өз қызметін және оқушылардың қызметін ұйымдастырудағы ең қолайлы тәсілдерін таңдау арқылы іске асады.

Жоғарыда тұжырымдалған кәсіби икемділік мұғалімнің құзыреттілігіндегі дидактикалық компонент екенін көрсетеді және педагогикалық ЖОО-ның факультеттерінде жоғары кәсіби мұғалімдерді дайындауды ұйымдастыру үшін маңыздылық нысана болып табылады.

Психолог В.А.Крутецкий тұлғаның кәсіби қабілеттерінің келесі құрылымын ұсынады:

1. Тұлғаның дүниетанымы;
2. Педагогикалық қызметке оң көзқарастың болуы;
3. Педагогикалық қабілеттер;
4. Кәсіби-педагогикалық білімі, білігі, дағдылары.

Т.И.Руднев когнитивтік компоненті (білімі, эмоциялық бағыты), практикалық қабілеттер мен кәсіби-мағыналы қасиеті (1-схеманы қ.) бар мұғалімнің профессиограммасын ұсынады.

1. Педагогикалық бағыт мектеп кезінде қалыптасады. Бұл бағыттың негізінде педагогикалық мамандықты таңдау себептері бар, балалармен жұмыс істеу ынтасы, оқыту мен тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылық. Ең бастысы өз бойында мамандықты игерудегі қабілеттерді білу.

2. Арнайы пәндер саласындағы заңдылық жүйе, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдерінің блогы, аралас пәндер білімі ЖОО-дағы барлық оқыту кезеңде уәждемелерге әсер етеді немесе мамандық таңдауда қайта бағалауды қажет етеді.

3. Педагогикалық қабілеттердің даму деңгейі педагогикалық тәжірибе кезеңінде байқалады, студенттің педагогикалық бағыты бар екені және оның қалыптасуы туралы белгі береді.

4. Педагогикалық қабілеттер мұғалім мінезінің және педагогикалық жүйесінің ерекшелігімен тығыз байланысты.

Профессиограмма құрылымында жеке қабілеттерді диагностикалау қажет. Ұсынылып отырған бағалау парағы жеке бас сапасын функциялық топтастыру қағидаты бойынша құрастырылған.

Бірінші топ сапасы жұмысқа деген көзқарасты сипаттайды.

Екінші топ - қызметтегі белсенділік.

Үшінші топ - мұғалімнің коммуникативтілігі.

Келтірілген классификация педагогикалық қызмет пен ептілік ізара байланыста екенін көрсетеді. Педагогикалық қызметтің негізгі икемділіктері:

1. Бағдарлану;
2. Академиялық;
3. Перцептивтілік;
4. Мобилизациялану;
5. Ұйымдастырушылық;
6. Коммуникативтілік;
7. Гностикалық;
8. Дидактикалық;
9. Конструктивтілік;
10. Қолданбалы;

11. Педагогикалық ойлауға икемділік;
12. Педагогикалық техникаға икемділік;
13. Сөйлеу қабілеті;
14. Зерттеушілік икемділігі.

Педагогтің кәсіби құзыреттілігіне бағыттталып, оқытушының профессиограммасын құрастыруға болады.

I. Психологиялық-педагогикалық икемділік;

1. Арнайы психологиялық-педагогикалық әдебиетті оқу және талдау;
2. Педагогикалық құбылыстарға өз бетімен талдау жасау;
3. Озық педагогикалық тәжірибелерді талдау;
4. Өзін өзі тексеру;
5. Оқушыларға эмпатия көрсету;
6. Өзін өзі тәрбиелеу.

II. Кәсіби-тұлғалық қасиет

1. Өзін тану қажеттілігі;
2. Өзін өзі билеу;
3. Еңбекқорлық пен ұқыптылық;
4. Өзіне сын көзбен қарау;
5. Тәртіптілік;
6. Жүріс-тұрыс пен қарым-қатынас мәдениеті.

III. Жеке әдістемелік икемділік

1. Мамандық бойынша оқу материалдарды құрастыру, жинақтау, жоспарлау;
2. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстың түрлі формаларын ұйымдастыру және ынталандыру;
3. Сабақтар мен сыныптан тыс шараларды талдау;
4. Оқушылардың және өз жұмысын бағалау;
5. Сабақтарға дидактикалық материал дайындау;
6. Оқушыларды танымдық қызметке тарту.

IV. Коммуникативтік ұйымдастыру икемділігі

1. Кейбір оқушылармен, топтармен, оқушылар ұжымдарымен мақсатты педагогикалық қарым-қатынасты орнату;
2. Жағымды микроклимат орнату, оқушыларды өзіне тарту;
3. Оқушылардың ұжымы арасындағы қатынасты реттеу;
4. Жаңа жағдайға үйрену;
5. Өлеңді көркемдеп оқу, ән айту, би билеу, әңгімені қолдай білу.

V. Зерттеуге икемділігі

1. Проблеманы анықтау, объектіні, пәнді, мақсатты, міндеттерді, зерттеу әдістерін белгілеу;
2. Ұжымдық тұлғасын зерттеу әдістерін іріктеу және қолдану;

3. Мамандықтар бойынша инновациялық технологиялар туралы түсінік болу;

4. Эксперимент ұйымдастыру;

5. Зерттеу нәтижелерін жинақтау, суреттеу, көркемдеу.

Профессиограмма тәжірибеде сауалнама жүргізу ретінде жиі пайдаланылады. Тәжірибенің мақсаты кәсіптік қызметке дайындық диагностикасы болып табылады.

«Профессиограмма» ұғымына сүйенсек, студенттің бар білімі, білігі, дағдылары мен оның мінсіз моделіне сай болатын тұлғаны зерттеудің профессиографиялық әдісі туралы айтуға болады. Бұл жерде профессиограмма студенттің педагогикалық қызметтегі кәсіби деңгейінің сапасының мониторингі ретінде көрінеді. Профессиографиялық әдіс болашақ педагог – студенттің тұлғалық және кәсіби өсуін жобалауға мүмкіндік береді және өзін өзі тәрбиелеудің әдісі бола алады.

13. Балаларға қосымша білім беру педагогінің инновациялық қызметі

Білім берудегі инновация. Жаңаға кіріспе немесе инновация, адамның әрбір кәсіби қызметіне тән, сондықтан зерделеу, талдау және енгізу ретінде қарастырылады. Инновациялар өзінен өзі пайда болмайды, олар ғылыми зерттеулердің, педагогтердің және ұжымдардың озық педагогикалық тәжірибесі болып табылады. Бұл үдеріс стихиялық болмайды, ол басқаруды қажет етеді.

Біртұтас педагогикалық үдерістің инновациялық стратегиясының мәнмәтінінде қосымша білім беру ұйымдары директорының және жаңашыл процестері ретінде педагогтің рөлі арта түседі. Оқыту технологияларының (дидактикалық, компьютерлік, модулдік және т.б.) көптігіне қарамастан негізгі педагогикалық функцияларды педагог атқарады. Қазіргі технологияларды оқу-тәрбие процесіне енгізуде педагог консультанттың, кеңесшінің, аниматордың, тәрбиешінің функцияларын меңгереді. Бұл педагогтен арнайы психологиялық-педагогикалық дайындықты қажет етеді, себебі педагогтің кәсіби қызметінде тек арнайы пәндік білім емес, педагогика, психология, оқыту мен тәрбиелеу технологиясы саласындағы қазіргі білімді талап етеді. Осының негізінде қабылдауға, педагогикалық инновацияларды іске асыру және бағалау қалыптасады.

«Инновация» ұғымы жаңалықты, өзгерісті білдіреді, инновация құрал ретінде қандай да бір жаңалықты болжайды. Инновация педагогикалық үдерістің мақсатына, мазмұнына, оқыту мен тәрбиенің әдісі мен формасына, мұғалім мен оқушының біріккен қызметін

ұйымдастыруына жаңалықты енгізу. Бірінші рет отандық педагогикада инновациялық процестердің мағынасы мен мазмұны түсіндіруге талпыныс жасалды.

Білім берудегі инновациялық процестерде педагогиканың екі маңызды проблемасы жатыр. Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау және тарату, тәжірибеге психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін енгізу. Кейбір инновациялық процестер педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау мен таратумен айналысса, басқалары педагогикалық жаңалықтарды дайындау және енгізу проблемасымен айналысады. Сондықтан, осы уақытқа дейін қаралған инноватика пәні, инновациялық процестерінің мазмұны мен механизмі өзара байланыстағы процестер болу керек.

Олардың өзара байланысы педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау және таратудың нәтижесінде көпшілік тәжірибесіне озық, жаңалықты енгізу болып тұр. Сөйтіп, инновациялық процестер нәтижесінде теория және практика жүзіндегі жаңалықтарды біртұтас педагогикалық үдерісте пайдалану. Осының бәрі педагогикалық жаңартпаны құру, меңгеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығы көп. Демек, бұл жерде педагог жаңа педагогикалық технологиялардың, теорияның, тұжырымдаманың авторы, құрастырушысы, зерттеушісі, пайдаланушысы, насихатшысы ретінде болуы мүмкін. Бұл процесті басқару өз қызметінде әріптестердің тәжірибесін және ғылымдағы жаңа идеяларды таңдау, бағалау, әдістерді қолдануды қамтамасыз етеді.

13.1. Педагогикалық қызметтің инновациялық бағыты оқыту мен тәрбие практикасына педагогикалық жаңалықтарды меңгертуге, пайдалануға педагогтерді қамтуды талап етеді.

Педагогикалық қызметтің инновациялық бағытының қажеттілігі қазіргі жағдайдағы қоғам, мәдениет және білім беру дамуында бірқатар жағдайлармен анықталады.

Біріншіден, қазіргі болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер әртүрлі оқу орындарында білім беру жүйесін жаңарту, оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру технологиясы мен әдіснамасының қажеттілігін қамтамасыз етті. Мұғалім мен тәрбиеші қызметінің инновациялық бағыты педагогикалық жаңалықтарды меңгеруді және пайдалануды қамтиды, білім беру саясатының жаңарту құралы болады.

Екіншіден, білім мазмұнындағы гуманитарлықты күшейту, оқу пәндері мазмұны мен көлемінің үздіксіз өзгеруі, жаңа оқу пәндерін енгізу, жаңа ұйымдастыру формаларын, оқыту технологияларын ізденуді талап етеді. Берілген жағдаятта мұғалімдік ортадағы педагогикалық білімнің беделін және рөлін арттырады.

Үшіншіден, педагогикалық инновацияларды меңгеруде және қолдануда мұғалімдердің қарым-қатынасы өзгере бастайды. Оқу-тәрбие үдерісі мазмұнын қатаң шектеу жағдайында мұғалім жаңа бағдарламаларды, оқулықтарды өз бетімен таңдауда ғана емес, сонымен бірге жаңа тәсілдер мен әдістерді педагогикалық қызметте қолдануында да шектеу болатын. Бұрын инновациялық қызмет жоғарыдан ұсынылған жаңашылдықтардың қолдану болса, қазір ол таңдаулы зерттеу сипатында қалыптасады. Соған байланысты, білім беру органдары мен ұйымдары жетекшілері жұмысының маңызды бағыты мұғалімдердің педагогикалық инновациясын талдау және бағалау, оларды ұтымды әзірлеуге және қолдануға жағдай жасау болып табылады.

Төртіншіден, нарық қатынасында балаларға қосымша білім беру ұйымдарының жаңа түрлерін құру, оның ішінде мемлекеттік емес, бәсекелестікке қабілетті жетістіктерге жету мақсатында нақты жағдайлар жасау және оларды дамыту қажет.

Педагогикалық тәжірибе бұқаралық және алдыңғы қатарлы болуы мүмкін. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің тарихи уақыты шектеулі, оның әрбір кезеңінде материалдық, әдістемелік, кадрлық және басқа да мүмкіндіктерін кеңейтуде педагогикалық қызметке жаңа талаптардың пайда болуына әкеп соғады.

Сонымен бірге Ю.К. Бабанский «алдыңғы қатарлы тәжірибе педагогикалық ғылым мен тәжірибенің қазынасына кейбір ескірмейтін элементтерді қосады» деп әділ атап айтқан.

В ходе передачи и освоения опыта, как нигде более, переплетаются проявления объективно ценного и индивидуального, но не все глубоко индивидуальное в педагогической деятельности может стать достоянием массовой практики. Остается то, что составляет область уникального и неповторимого в личности, создающей новый опыт. Передовой педагогический опыт, формируясь на основе массового, представляет собой уровень овладения объективными педагогическими закономерностями (Ю.К.Бабанский). Разновидностями передового педагогического опыта являются новаторский и исследовательский педагогический опыт как своеобразные ступени восхождения от эмпирического к теоретическому анализу и обобщению. Образцы уникального новаторского и исследовательского педагогического опыта таких педагогов и ученых, как И.П.Волков, Т.И.Гончарова, И.П.Иванов, Е.Н.Ильин, В.А.Караковский, С.Н.Лысенкова, Р.Г.Хазанкин,

М.П.Щетинин, П.М.Эрдниев, Е.А.Ямбург и многие другие, стали достоянием учительства.

Алдыңғы қатарлы тәжірибені әзірлеу және оны тарату педагогтың ұстанымында үлкен рөл ойнайды, сондықтан нақты тәжірибенің ережелерін талдауда және таратуда субъективті факторлардың әсері, педагогикалық ұжымда оны бағалау және тарату нұсқасын болжауды ескеру қажет. Тәжірибені меңгеру және оны тарату объективті маңызды, дегенмен педагогикалық қызметтегі даралықтың барлығы бұқаралық тәжірибе бола бермейді. Тұлғаның қайталанбас және әмбебап қасиеті жаңа тәжірибе әзірлеудің негізі болып қалады. Бұқаралық негізде қалыптасатын алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе өз алдына объективті педагогикалық заңдылықтарды (Ю.К.Бабанский) меңгеру деңгейін ұсынады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің әр түрлілігі болып теориялық талдау мен талқылаудағы эмпирикалық кезең секілді новаторлық және зерттеушілік педагогикалық тәжірибе болып табылады. Новаторлық және зерттеушілік педагогикалық тәжірибенің үлгілері төмендегі ғалымдардың, яғни, И.П.Волков, Т.И.Гончарова, И.П.Иванов, Е.Н.Ильин, В.А.Караковский, С.Н.Лысенкова, Р.Г.Хазанкин, М.П.Щетинин, П.М.Эрдниев, Е.А.Ямбург және тағы басқа ғалымдардың жұмыстары ұстаздықтың жетістігі болды.

13.2. Педагогикалық инновациялардың өлшемдері

Педагогикадағы зерттеу тәжірибесін назарға ала отырып, педагогикалық жаңалықтардың келесі өлшемдердің бірізділігін анықтауға болады: жаңашылдығы, үйлесімділігі, жоғары нәтижелілік, бұқаралық тәжірибедегі шығармашылық мүмкіндікті қолдану.

Инновацияның негізгі өлшемі жаңашылдығы болып табылады, ондағы педагогикалық ғылыми зерттеулер, сол секілді алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе бағалауға біркелкі қарайды. Осыған байланысты инновациялық үдеріске қосылғысы келетін педагог жаңашылдық деңгейі ретінде ұсынылатын жаңашылдықтың негізін анықтап алған өте маңызды. Біреу үшін бұл шынымен де жаңашылдық болуы мүмкін, басқасы үшін жаңашылдық болмауы да мүмкін. Осыған байланысты, педагогтерді инновациялық қызметке қосуда олардың өз еркіндіктерін, жеке тұлғалық, жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескерген абзал. Жаңашылдықтың кейбір деңгейлері анықталған: абсолюттік, локалды-абсолюттық, шарттық, субъективтік, танымалдығы және қолдану аясының ерекшелігі.

Үйлесімді педагогикалық инновациялықтың тиімділік өлшемділігі секілді күш жұмсау және мұғалімдер мен оқушылардың

нәтижелі жетістіктерге жету әдістерін білдіреді. Оқушылардың еңбегі мен өз еңбегін әртүрлі белсенділікте жоғарғы нәтижелерге барлық педагогтердің қолы жетуі мүмкін. Кішігірім физикалық, ойлау және уақытша шығындар арқылы оқыту үдерісіне педагогикалық инновация мен жоғары нәтижелерді қосу оны үйлесімді дәлелдейді.

Инновацияның бір өлшемі ретінде нәтижелілік мұғалім қызметіндегі оң нәтижелердің тұрақтылығын білдіреді. Өлшемдегі технологиялық, бақылау мен нәтижелерді жазып алу, түсініктегі бірмағыналылық пен мазмұндау бұл өлшемді маңызды жаңа әдістердегі тәрбиелеу мен оқытудағы, бақылаудағы тәсілдерде қажет. Айтылған өлшемнің маңыздылығы – жалпы түсінікті, тұлғаны қалыптастыру және қабылдауды қамтамасыз ету.

Балаларға қосымша білім беру педагогінің тұлғалық шығармашылығын дамыту педагогикалық қарым-қатынас үдерісінде, педагогтің әріптесімен жеке байланысын түсіну, педагог пен ата-ана, педагог пен әкімшілік, кездейсоқ және әдейі, жеке немесе бұқаралық, ұзақ немесе қысқа мерзімді, олардың мінез-құлқындағы бірегей өзгерістер, қызметтер, қарым-қатынас құрудағы вербалдық немесе вербалдық емес байланыста жүзеге асады.

Педагогикалық қарым-қатынас ынтымақтастығы, яғни, қатысушылардың бірге атқарған қызметінің жетістігі ынталандырады немесе басқа қатысушылардың мақсатты қызметі және нәтижелілігі пайда болады.

Әлеуметтік-кәсіби ортаны ұйымдастырудың негізгі жүйесі кішігірім қалалардың қоғамдық мәдени ортаның элементі ретінде әлеуметтік байланыс жүйесі болып табылады. Сондықтан, балаларға қосымша білім беру педагогінің шығармашылық тұлғалылығын дамытуда кейбір міндеттер мақсатты ұйымдастырылған педагогикалық жағдаяттарды құруға біріктіруі қажет, балаларға қосымша білім беру педагогінің шығармашылығын дамытуды басқаруды жүзеге асыру, педагогикалық қызметтің нәтижелілігінің мониторингі, өзектілікпен байланыстырудағы ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және бастамаларды қолдау керек.

Талдау көрсеткендей, әлеуметтік-кәсіби орта қоғамдық мәдени ортаның негізгі кілті ретінде, сондай-ақ, педагогикалық жағдайлардың кешені қосымша білім беру педагогінің жеке шығармашылығын дамытуға қажетті әсер етуі керек.

13.3. Педагогтің квалификациялық категориясын және оның тұлғаны дамытудағы үмтылысына қатысы

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес бес жылда бір рет олар арнайы оқытуды біліктілікті арттыру және білім беру қызметкерлерін қайта даярлау институттарында немесе қосымша білім

беру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтеді. Тәжірибе, мұғалімдердің арнайы институттар, педагогикалық жоғары оқу орындарында алатын білімдері тәжірибелікті, қосымша білім беру ұйымдарын меңгеру мен апробациялауды қажет ететінін көрсетеді. Осындай жағдайда қосымша білім беру жүйесіндегі әдістемелік жұмысты арнайы ұйымдастыру көмекке келеді.

14.1. Семей қаласындағы «Облыстық биологиялық балалар орталығы» МКҚК-да әдістемелік қызмет жұмысын ұйымдастыру

Әдістемелік қызметтің жұмысын ұйымдастыру - қосымша білім беру педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру шарттары

Волкова Виктория Геннадьевна, методист

Қызмет барысында биологиялық орталықтың әдістемелік жұмысын ұйымдастыру – бұл аттестацияаралық кезеңдегі педагог қызметкерлердің жеке және ұжымдық ғылыми-теориялық, әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін көтеру жұмысы.

- Әдістемелік жұмыстың негізінде мына аспектілер қатары жатады:

- іс-әрекет аспекті мынадай компоненттерді ерекшелеп көрсетеді: мақсаттары, міндеттері, себептері, мазмұны, түрлері, әдістері, нәтижелері;

- мазмұнды аспект әдістемелік жұмыстың 3 бағытымен өзара байланысты: әдістемелік, ғылыми-теориялық және психология-педагогикалық дайындығы;

- басқару аспектісі педагогикалық талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және реттеу компоненттерін көздейді;

- әдістемелік жұмыстың мақсаты: балалар биологиялық орталығының жұмысын ұйымдастыру жағдайында қосымша білім педагогтерінің кәсіби шеберлігін қалыптастыру және өсіру үшін жағдай жасау;

- әдістемелік жұмыстың міндеттері балаларды тәрбиелеу мен дамытуда педагог қызметкерлерге оқытудың әдістемелік тәсілдері мен қағидаларын іске асыру үшін көмек көрсетуге бағытталған; балаларға қосымша білім беруде ұстаздардың кәсіби қызметіндегі шығармашылығын ынталандыру мен жүйелендіру;

- әдістемелік жұмыс орталығының міндетті құрамына педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік, жас педагогтар мектебі, әдістемелік және шығармашылық сағаттар жатады;

- сонымен қатар, құрамына проблемалық шығармашылық топтар, уақытша шығармашылық ұжымдар және т.б. жатады.

Әдістемелік қызметтің жұмысы ғылыми-практикалық конференция, педагогикалық шығармашылық есеп беру, семинарлар, отырыстар, озық тәжірибе, жас педагогтар мектебін және т.б. ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Әдістемелік жұмыстың барлық бағыттары жалпы қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады:

- өзектілігі – педагогтерге ақпараттың қажеттілігі, оның өмірмен байланысы, ҚР «Білім туралы Заңы» мен басқа нормативтік құжаттарды тәжірибеде іске асыруы, педагогикалық ұжымға жақын мәселелер бойынша есебі. Баланың әлеуметтік белгісінің бағыттары;

- ғылымилығы – бұл қағида педагогтардың әр түрлі қызметте жаңа ғылыми жетістіктерге жетуді, біліктілігін арттыруды мақсат қояды;

- жүйелілігі – бұл қағида әдістемелік жұмыс жүйесінің тұтастығын, өзектілігін, мақсаттың тұтастығын, педагогтар жұмысының түрі мен әдістерінің мазмұны мен мақсатының тиімділігін талап етеді;

- мінез кешенділігі – бұл жан-жақты бірлік пен өзара қарым-қатынас қағидасын және педагогтардың біліктілігін көтеру бағыттарын қарастырады (жеке әдістеме, дидактика, тәрбиенің теориясы, психология, физиология, педагог әдебі мен жалпы мәдениет, экология);

- шұғылдылық, жан-жақтылық, төзімділік – бұл қағида өзгерген талапқа, шартқа тез әрекет етуге бағытталған. Білім туралы ақпаратты тез қабылдау мен беруде ұстаздың жеке ерекшеліктерін ескеру;

- шығармашылық мінез – қызықты, ерекше ой таба білу және оны іске асыру, мекемеде қарым-қатынас пен ғылыми жұмыстың ахуалын қалыптастыру;

- кезектестік, сабақтастық, үздіксіздік – оқу жылы барысында педагогтарды әдістемелік жұмыстың әр түріне тарту, әдістемелік жұмыс – үздіксіз білім берудің жүйесі, жеке және ұжымдық жұмыстың сәйкестігі;

- нақтылық, бағыттылық – педагогикалық, жеке қажеттілік сұранысы, мекемеде өзіндік әдістемелік жұмыс жүйесін құру, білім беру жұмысында әрбір педагог сияқты нақты және басты жайттарды анықтау;

- теория мен тәжірибенің бірлігі – бұл педагогтардың психология-педагогикалық теориясы мен тәжірибесінің бірлігін және қарым-қатынасын қарастырады.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру ерекшелігін ескере келе, Орталықтың білім және тәрбие беру үдерісінде педагогикалық көзқарас басты орын алады: оның біліктілігі, жеке сапасы мен кәсібилігі білім

беру мен тәрбиенің көптеген мәселелерін шешуге байланысты. Кей кезде осы факторлар бағалаусыз қаладықтан, ұйымның даму үдерісі тежеледі, сондықтан біздің міндетіміз ұстаздардың шығармашылық жұмысын іске асыру үшін жағдай жасау. Қосымша білім беру жүйесінде әдістемелік қызмет осы міндеттерді шешу үшін нақты иелік етеді. Әдістемелік қызмет қосымша білім беретін ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін аттыру үшін жағдай жасайды, педагогикалық және әдістемелік кеңестің ережесін жасауға, керекті құжаттардың: жоспар мен есеп, қызметтік ереже т.б. үлгі түрлерін жасауға тікелей қатысады. Бұл әдістемелік қызмет жұмысының тиімділігін көтеру мен нәтижелілігінің бірден-бір жағдайы болып табылады.

Биологиялық орталықта әдістемелік қызметтің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

- балаларды оқыту және тәрбиелеуде педагогқа әдістемелік-ұйымдастырушылық және техникалық көмек көрсету;

- педагогтың ғылыми және теориялық лайықтылығын қолдау; озық тәжірибеге жету және ғылыми зерттеуді тәжірибеге енгізу;

- нормативтік құқықтық құжаттардағы мәліметтерді педагогтарға жеткізу;

- педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру;

- ұстаздардың шығармашылық топ пен әдістемелік бірлестігінің жұмысына басшылық жасау;

Әдістемелік қызмет жұмысы төмендегідей міндеттерді жүктейді:

- балалардың қосымша білім алуын қамтамасыз ету;

- педагогтардың шығармашылық деңгейін дамыту, озық тәжірибені анықтау және тарату, қызметкерлерге оларды жеткізу;

- оқыту мен тәрбиелеуде жаңа технологияларды енгізу, білім беру үдерісінде жоғары сапаға, қазіргі педагогикалық парадигма негізіне жету;

- қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

- тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Жоғарыда аталғандардың негізінде, білім беру жүйесінде қалыптасқан жағдайларда әдістемелік жұмыстың мазмұны үнемі өзгеріп отырады. Бірақ өзгеріссіз қалатыны - әдістемелік қызмет жұмысының педагогтардың қосымша білім алудағы кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсер ететіні.

14.2. Ақмола облысы Зеренді балалар шығармашылық үйінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу

Байгужина М.Е. - директор, Жолумбаева Б.К. - директордың орынбасары, Кинжалинова С.А. - әдіскер

Қазақстан Республикасының білім саласындағы басым бағыттарының қатарына қосымша білім беру мәселелері қойылады. Қосымша білім беру жүйесі көп функционалды мекемелер мен білім беру қызметінің кең спектрын ұсынады. Ақмола облысының Зеренді Балалар шығармашылық үйі (БШҮ) тәрбиеленушілердің интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерінің дамуына, олардың өзін-өзі жетілдіруі мен шығармашылық еңбегін, кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін қолайлы жағдай жасайды. Балалар шығармашылық үйі ашылған уақытынан бастап балаларға қосымша білім беретін мәдени-сауықтыру орталығы және мектептің педагог кадрларымен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс жасау, балалар және жасөспірімдер ұйымдарының белсенді көп салалы мекемесі болып табылады.

БШҮ әрекет қызметінің артуы

2004 жыл	2007 жыл	2012 жыл	2013 жыл
<i>Балалар шығармашылық үйінің ашылуы</i>	<i>Балалар шығармашылық үйі жанындағы «Ұшқын» балаларды жазғы сауықтыру лагерінің ашылуы</i>	<i>Аудандық білім бөлімінің Балалар шығармашылығы үйі жанында «Мектеп жаршысы» газетінің жариялануы</i>	<i>Жалалар шығармашылығы үйі жанында «Мерей» аула маңы клубының ашылуы</i>

ДДТ ЗЕРЕНДИ

Зеренді ауданының Балалар шығармашылық үйі балаларды әлеуметтендіруге бағытталған, балалар және жасөспірімдер ортасында әлеуметтік-эстетикалық тәрбие беруге бағытталған білім жүйесіндегі жарқын істердің көшбасшысы болып табылады. 10 жыл ішінде БШҮ қызметі кеңейді.

Педагогтар ұжымы жылдан жылға мекеме қызметінің жетілу барысында ауқымды жұмыс жасап, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай туғызуда... Қазіргі таңда Зеренді Балалар шығармашылық үйінің ұжымы білім бағдарламаларын жаңартуды үдерісін қарастыруда, педагогтардың шығармашылық тобы қосымша білім беретін мекемелердегі оқу үдерісінің жетілдіру жобасын ұсынады.

